



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №52 (95157) 19 желтоқсан 2025 ж.

Құрметті отандастар!
Тәуелсіздік күні құтты болсын!
Бұл мерекенің еліміз үшін мән-маңызы айрықша. Осы күні халқымыз Қазақстанды егемен ел ретінде дамыту жолында ерікті әрі түпкілікті таңдау жасады.

Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Біз бабалар рухына тағзым етіп, өскелең ұрпақ алдындағы тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, осы ұстанымға адал боламыз.

Азаматтарымыздың ырысты ынтымағының, өзара қолдауының және жа-

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіздік күнімен құттықтауы

сампаз еңбегінің, сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің арқасында Қазақстан Тәуелсіздікті нығайту ісінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қазір бүкіл әлем жылдам өзгеріп жатыр. Түрлі сынақтармен қатар, тың мүмкіндіктерге толы жаңа тарихи дәуір басталды.

Мұндай жағдайда біз жас және озық ойлы ұлт ретінде болашаққа зор үмітпен және нық сеніммен қарап, берекелі бірлігімізді сақтауымыз керек. Еліміздің жаһандық деңгейдегі беделі мен бәсекеге қабілетін арттырып, Қазақстанды көркейген мемлекет ретінде дамыту үшін

аянбай еңбек етуіміз қажет.

Қазір жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың нәтижесінде зор табысқа жетеміз деп сенемін. Жан-жақты жаңғыруға бағытталған стратегиялық бағдарымыздан ауытқымай, Әділетті, Күшті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құрамыз.

Баршаңызға мол бақыт, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Қастерлі Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Ақордада өткен салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтіп, энергетика саласы мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

— Энергетика саласы — еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Тұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету — еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру — жауапкершілігі зор жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына назар аударды.

— Біз экономиканы және инфрақұрылымды дамытуға баса мән беріп отырмыз. Заманауи өндіріс орындарын ашып жатырмыз. Еліміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Қазақстан болашақта толыққанды цифрлық ел болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыс қолға алынды. Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Жақында белгілі америкалық компанияның технологиясы бойынша жасалған суперкомпьютер іске қосылды. Жаһандық үрдістерге сай жаңа «дата-орталықтар» салынады, «бұлтты» инфрақұрылым қалыптасады. Әрине, мұның барлығы энергетика саласы үшін үлкен сынақ болмақ. Сондықтан осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір осы бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды.

— Соңғы алты жылда электр энергиясын өндіру 16 миллиард киловатт-сағатқа артты. Бұл Қарағанды облысы сияқты өндірісі өркендеген аймақтың бір жылдағы қуат тұтыну көлемімен бірдей. Қазіргі кезде Қазақстанның электр энергетикасы жүйесіне жалпы қуаты 25 гигаваттан асатын 237 электр станциясы кіреді. Ал іс жүзінде қолданыстағы жалпы қуат көлемі — 21 гигаватт. Мемлекет жүргізіп отырған жүйелі шаралардың арқасында энергия нысандары мен инженерлік-коммуналдық желілердің орнықтылығы айтарлықтай күшейді. Өткен жылғы жылыту маусымында технологиялық қауаулар 27 пайызға қысқарды. Тоғыз жылу электр



орталығы тәуекелдің «қызыл» аймағынан шықты, ал үш станция «жасыл» аймаққа өтті, — деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске қосылғанын еске салды.

— Соның нәтижесінде үш жыл ішінде тек кәсіпорындардың күрделі жөндеу жұмыстарына 900 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Бұл жұмыстың қарқынын бәсеңдетпеу керек. Алдымызда сенімді әрі заманауи энергетика инфрақұрылымын қалыптастырып, экономиканың дамуына тиісті жағдай жасау міндеті тұр. Осы орайда Үкімет «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жобаны іске асыра бастады. Оның аясында 2030 жылға дейін кемінде 200 нысанға реконструкция жасалады, 86 мың шақырым желі жаңарады. Үкіметке еліміздің энергетикалық әлеуетін ұдайы арттыру міндеті жүктелді. Бұл — Қазақстанның экономикалық дамуын одан әрі табысты жүзеге асыру үшін аса маңызды. Еліміз экспорттық әлеуеті зор энергетикалық державаға айналуы керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент салада таяу жылдары атқарылатын нақты жұмыс бағыттарын атап өтті.

— Қазақстанның энергетикалық әлеуетін нығайту — басымдыққа ие міндет. Биыл батыс аймақтардың электр желісін күшейтетін бірегей жоба аяқталады. Бұл жоба Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының энергетикалық тораптарын біріктіреді. Енді осы то-

раптарды бірыңғай ұлттық энергетика жүйесіне жалғау қажет. Елімізде басқа да ірі жобалар қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, Екібастұздағы екінші ГРЭС-те жаңа энергоблоктар салынады. Сондай-ақ үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталмақ. Бұл нысандар еліміздегі энергетика жетіспеушілігін жоюға тиіс. 2026 жылы Алматыдағы электр станцияларын жаңғырту — Үкімет пен әкімдік алдында тұрған маңызды мақсат. Сол арқылы ауаның ластану деңгейін төмендетіп, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту қажет. Бұған қоса, келесі жылы Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ қондырғысы бар электр станцияларын толық іске қосу керек. Біз 2035 жылға дейін 26 гигаваттан астам қуат көзін өндіретін нысандарды іске қосуды жоспарлап отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Қазақстанның табиғи ресурстарын және өндірістік әлеуетін ескерсек, біз электр қуатын басқа елдерден сатып алмауымыз керек.

— Түптеп келгенде, бұл — ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бұдан бөлек, еліміздің зор энергетикалық мүмкіндігін тиімді қолдану қажет. Мысалы, Қазақстан — көмірге бай ел. Жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Осы стратегиялық артықшылықты дұрыс пайдаланған жөн. Біз заманауи үлгідегі «таза көмір» технологиясына тезірек көшуіміз керек. Сол арқылы көмір станцияларының тиімділігін арттыра түсеміз. Бұдан бөлек, Курчатова қаласында жылу электр станциясын, Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу қажет. Осы

нысандардың барлығына «таза көмір» технологиясын енгізу керек. Шындығын айтсақ, бұл жобалардың жүзеге асуы әбден созылып кетті. Енді ары қарай күтуге болмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да тиісті көңіл бөлініп жатқанын жеткізді.

— Еліміздегі көмір қоры — шамамен 33 миллиард тонна. Соған қарамастан, біз жаңартылатын қуат көздерін дамытуға баса назар аударып отырмыз. Соңғы 5 жылда осы салаға 2,5 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Соның нәтижесінде энергетика секторындағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесі 7 пайыздан асты. Экологиялық тұрғыдан таза энергия өндірісін одан әрі дамыту үшін әлемдік ең үздік компаниялармен әріптестік орнаттық, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір бүкіл әлем түбегейлі бетбұрыс кезеңін бастан өткеріп жатқанын алға тартып, атом станциясының құрылысын бастау туралы стратегиялық шешімнің маңызына назар аударды. Президенттің пайымдауынша, бұл болашақта еліміздің энергетикалық келбетін түбегейлі өзгертіп, экономикамызды қайта құруға ықпал етеді.

— Балқаш атом электр станциясының құрылысы, одан кейінгі салынатын екінші АЭС Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ ядролық энергетика сияқты маңызды салада жаңа бағыттардың дамуына септігін тигізетін болады.

(Жалғасы 2-бетте).

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазақстанның энергетикалық картасында атом станциясының пайда болуы ел экономикасының жаңа әрі сапалы деңгейге көшкенін білдіреді. Жалпы, дүние жүзінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің энергетика саласына ықпал ететіні сөзсіз. Әлемде қуат көздеріне қызу тартыс жүріп жатыр десек, артық болмайды. Бұған сақадай сай дайын болғанымыз жөн. Мемлекет энергетика мамандарының жаңа буынын даярлап, осы саланың әлеуетін арттыра береді. Бірақ азаматтарымыз да бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауы керек. Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Соның бәрін үнемдеп, ақылмен пайдаланған абзал. Жалпы, бұл – тұтас экономикаға ортақ талап. Ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Халқымыз «Үнемшілдік – ырыстың кілті» деп бекер айтпаған. Біз осы қасиетті ұлттық дағдымыз етіп, қоғамда мүлдем жаңа мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз – еліміздің энергетикалық дербестігінің мызғымас кепілі. Әділетті, Таза, Қуатты Қазақстанда өздеріңіз сияқты еңбек адамдары ең жоғары сый-құрметке лайық, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетика саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

Президенттің ШОБ-ты қолдау жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру: әрбір бесінші қазақстандық бизнес саласында жұмыс істейді

Президенттің шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру – Үкіметтің басты бағыттарының бірі. Қабылданған шаралардың арқасында соңғы жылдары елімізде ШОБ субъектілерінің ел экономикасына қосқан үлесі тұрақты түрде артып келеді. Primeminister.kz редакциясы еліміздің 2025 жылғы дамуы туралы жарияланымдар топтамасын жалғастыруда.

Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті экономикалық өсудің қозғаушы күші болуы тиіс екенін айқындап берді. Ұлттық статистика бюросының деректері бүгінде әрбір бесінші қазақстандық бизнес саласында жұмыс істейтінін, шағын және орта кәсіпкерліктің экономикадағы жалпы қосылған құнының үлесі қазірдің өзінде 40%-ға (39,8%) жақындағанын растайды.

2025 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша ЖІӨ-дегі орта бизнестің жалпы қосылған құнының үлесі 7,9%-ды құрады, бұл өткен жылғы деңгейден жоғары. Бұл – орта бизнес секторының нығайып, құндылық құруға қосқан үлесін арттыру деген сөз.

2022-2024 жылдар аралығында бойы орта бизнестің ЖҚҚ 6,7%–6,9% деңгейінде тұрақты болып қалады, ал кәсіпорындар саны 3 мыңнан астам деңгейде сақталады, бұл орта буынның жетілгендігі мен тұрақтылығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда барлық кәсіпкерлік субъектісінің 99,9%-ы – микро және шағын компаниялар. Олар экономиканың «тірі тінін» қалыптастырады және 4,4 млн-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, бұл бір жыл бұрынғы деңгейден 3,9%-ға артық. Яғни, бір жыл ішінде секторда ондаған мың жаңа жұмыс орны пайда болды деген сөз. ШОБ еліміздегі барлық экономикалық



белсенді халықтың жартысына жуығын құрайды – 45,5%, бұл саланың азаматтардың әл-ауқатын жақсарту және еңбек нарығының тұрақтылығын сақтаудағы маңыздылығын көрсетеді.

Үкімет Президент тапсырмасына сәйкес, кәсіпкерлікті қолдау шараларын дәйекті түрде кеңейтуде. Кәсіпкерлерге өндірісті дамытуға, технологияларды жетілдіруге, экспортты кеңейтуге және қаржыландыру көздерін тартуға мүмкіндік беретін 117 құралдан тұратын тізілім құрылды. Baqylauda.qoldau.kz қызметі қолдау шараларына қол жеткізудің әмбебап нүктесіне айналды, оны қазірдің өзінде 222 мыңға жуық адам пайдаланған, бұл – аталған құралдардың қажеттілігі мен қолжетімділігінің дәлелі.

Елімізде 2024 жылдан бері бизнес жасауға тең жағдай туғызу, компанияларды ірілендіруге ынталандыру және орта бизнестің рөлін күшейту бағытында кешенді саясат жүзеге асырылуда. Мақсат – кәсіпкерлер үшін болжамды және әділ орта құру.

Бұған қосымша бизнеске қойылатын барлық талаптарды цифрландырып, бір ретке келтірген Міндетті талаптар тізілімі пайда болды. Бұл ашықтықты қамтамасыз етіп, кәсіпкерлерге міндетті нормаларды орындауды жеңілдетіп отыр. Нәтижесінде Қазақстанда ШОБ-ты қолдау бизнес-қоғамдастық үшін жүйелі әрі түсінікті бола түсті.

Соның ішінде:

- біліктілік талаптары қайта қаралуда және рұқсат беру процедуралары оңтайландырылуда, бұл бизнесті бастау мен жүргізуге кедергілерді азайтады;
- ірі кәсіпорындар ШОБ-пен ұзақ мерзімді шарттар жасасуға міндетелді, бұл шағын және орта бизнес үшін кепілді өткізу нарықтарын ашды және өсуге жаңа мүмкіндіктер туғызады;
- жаңа Салық кодексінде арнайы салық режимдерінің саны 7-ден 3-ке дейін қысқарды. Бұл тәсіл ұсақталу схемаларын шектейді және компанияларды дамуға және кең ауқымда қанат жая түсуге ынталандырады.

Орта бизнесті күшейту және ірілендіру мақсатында Ұлттық экономика министрлігі ЕҚДБ-мен бірлесіп кәсіпорындарды дамытудың нақты жоспарын әзірлеуде, ол өндіріс көлемін 2-3 есеге арттыруға бағытталған. Бұл кең ауқымда қанат жаю процесін сапалы жаңа деңгейге көтеруге және экономикадағы жоғары өнім шығаратын компаниялардың үлесін арттыра түсуге батыл қадам жасалып жатқанын білдіреді.

Осылайша, орта бизнес біртіндеп өңірлердің ғана емес, тұтастай еліміздің де тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті экономикалық өсімнің негізгі драйверлерінің біріне айналууда.

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Үкімет ЕҚДБ-мен бірлесіп компаниялардың терең диагностикасын жүргізуде, олардың инвестициялық әлеуетін бағалай отырып, жеке-жеке өсу жо-

спарларын әзірлеуде. Қазірдің өзінде 20 кәсіпорынмен жұмыс басталды, ал 2030 жылға дейін бағдарламаға қатысушылардың саны кемінде 70-ке жетпек, бұл – өсуге дайын компаниялардың мықты тобын қалыптастырмақ.

Елде бизнесті реттеу қайта іске қосылуда. «Таза парақтан» реттеу қағидаты бойынша талаптар қайта қаралады, ескірген нормалар алынып тасталады және мемлекеттік бақылау жүйесі жаңартылады. Нәтижесінде Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін жағдайлар айтарлықтай жеңілдетіледі.

Осы жылы «Өрлеу» жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды. 482 млрд теңге сомасына 1 700-ден астам жоба қаржыландырылды, бұл осы құралдың жоғары сұранысы мен тиімділігін көрсетеді. «Даму» Қорының базасында кәсіпкерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтетін екі кепілдік қоры құрылды:

- Кепілдік қоры — 1 кепілдіктерді портфельдік әдіспен береді, несие-леу қаржыландыру сомасы 7 млрд теңгеге дейінгі жобалар бойынша екінші деңгейлі банктер арқылы жүргізіледі. Қазіргі уақытта Қор 417,7 млрд теңгеге 2 384 жобаны қолдап, 229,9 млрд теңгеге кепілдік берді;

- Кепілдік қоры — 2 ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларға бағытталған. КҚ-2 бойынша құны 7,1 млрд теңге болатын алғашқы ірі жобаны жүзеге асырып, 2,8 млрд теңгеге кепілдік берді. Тағы бір жоба қол қою кезеңінде дайын тұр. Болашақта салалық және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, неғұрлым атаулы және нақты бағытты қолдауға көшу жо-спарлануда, бұл бизнестің әртүрлі сегменттерінің әлеуетін тиімді ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, кәсіпкерлікті қолдау үздіксіз дамып және идеяның пайда болуынан кеңейтуге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. «Өрлеу» бағдарламасы және басқа да шаралар өндіріс көлемінің өсуі үшін берік негіз қалыптастырады. Өз кезегінде бизнестің белсенділігі Қазақстанның кәсіпкерлік ортасы анағұрлым жетілген, тұрақты және серпінді болып келе жатқанын көрсетеді.

МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ АВТОКӨЛІКТЕРДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Жетісу облысында жергілікті мәдениет мекемелеріне автокөліктер берілді. Облыс әкімінің атынан техника кілттерін орынбасары Диас Есдәулетов табыстады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорғандағы орталық алаңда өткен салтанатты шарада өңір басшысының орынбасары мәдениет қызметкерлерінің Жетісудың өнерін өрістетуге, халықтың рухани дамуына қосып отырған үлесін ерекше атап өтті.

- Мәдениет саласы мамандарының алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасау, мәдениет нысандарын материалдық-техникалық жағынан жүйелі түрде нығайту – біздің басты міндетіміздің бірі. Бүгін саланың техникалық базасын шағын автобустармен және жүк көліктерімен толықтырып отырмыз. Бұл көліктер мәдениет ұжымдарының гастрольдік сапарларға шығуына, қажетті құрал-жабдықтар мен декорацияларды тасымалдауына, түрлі фестиваль, байқауларға қатысуына мүмкіндік туғызып, жұмыс сапасына оң әсер етеді деп сенеміз, - деп Д.Есдәулетов мекеме басшыларына автокөлік кілттерін тапсырды. Атап өтсек, осы күні облыстағы 8 аудандық, 2 қалалық мәдениет үйлеріне, С.Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, облыстық архив, Көркемсурет галереясы мен Халық шығармашылығы орталығына жалпы саны 13 Газель, 1 жүк көлігі берілді. Жаңа техникаға ие болған мекеме



ұжымдарының атынан Алакөл аудандық Зейнеп Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінің директоры Отан Смағұлов сөз сөйлеп, ризашылығын білдірді.

- Бүгін Жетісу өңірінің мәдениет саласы қызметкерлері үшін тарихи күн деуге болады. Сала нысандарына бір күнде осынша көлік беру оқиғасы алғаш рет болып тұр. Бұл – ұлттық құндылықтарды насихаттап жүрген азаматтарға көрсетіліп отырған қамқорлық, бізге шығармашылық серпіліс беретін игілікті іс. Бір ғана біздің Алакөл ауданында 4 жаңа мәдениет ны-

саны салынып жатыр, соның біреуі жуырда пайдалануға беріледі, 3-еуі келесі жылдың үлесінде. Алдағы уақытта да руханият үшін еселі еңбек ете береміз. Жетісу өңірінің өнері мен мәдениеті жасай берсін, - деді ол.

Атап өтсек, бұл игі шара биыл екінші жыл қатарынан өткізілген «Жер жанна-ты - Жетісу» облыстық телевизиялық байқауының марапаттау салтанатымен және гала концертімен жалғасты.

Жалпы, Жетісу облысы құрылғаннан бері мәдениет саласының инфра-



құрылымы 36,2 % жаңартылды. Соңғы үш жылда сала мекемелерінің материалдық базасын нығайтуға бюджеттен 1 млрд. теңгеден астам қаражат бөлініп, музыкалық аспаптар, сахналық киімдер, компьютерлік жабдықтар, басқа да қажеттіліктер сатып алынған. Қазір облыста 300-ден астам мәдениет, архив мекемелері жұмыс істейді.

Айта кетейік су жаңа көлік иеленгендердің қатарында біздің Сарқан аудандық Құман Тастанбеков атындағы Мәдениет үйі де бар. Бұл жағымды жаңалық мәдени іс-шараларды ұйымдастыру аясын кеңейтіп, қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз. Жаңа көліктің арқасында шығармашылық ұжымдар мен қызметкерлерді ауылдарға дер кезінде жеткізу, көшпелі концерттер мен мәдени бағдарламаларды жиі өткізу оңтайлана түсті. Сонымен қатар, жаңа көлік техникалық жағынан сенімді, қолайлы әрі қауіпсіз болып, мәдениет саласы мамандарының жұмысын жеңілдетеді. Бұл өз кезегінде тұрғындарға көрсетілетін мәдени қызметтің қолжетімділігін арттырып, Сарқан аудандық мәдениет үйінің әлеуетін жаңа деңгейге көтереді.

Тәуелсіздік күніне орай Жетісуда денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында жалпы саны 5 жаңа нысан ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, Қаратал ауданының Ортатөбе және Қанабек ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункт, Тастөбе ауылында мәдениет үйі, Қаражиде ауылында спорт кешені ашылды. Мұндай нысандар аталған елді мекендерде бұған дейін болмаған. Сондықтан жаңа ғимараттардың ашылуы тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған игі қадамдардың бірі деуге болады. Бұл қуанышты жаңалыққа орай ауыл тұрғындары пікір білдірді.

-Ауылымызда фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылғанына өте қуаныштымын. Бұрын толыққанды ем алу үшін көрші ауылға баруға мәжбүр болатынбыз. Өйткені бізде ескі ғимаратта отырған медициналық пункт қана болды. Енді қажетті сапа-

Тәуелсіздік күніне орай Жетісуда бес жаңа әлеуметтік нысан ашылды

лы медициналық көмекті өз ауылымыздан ала аламыз. Бұл - біз үшін үлкен жеңілдік, жақсы жаңалық, - деді Қанабек ауылының тұрғыны Дилнар Бүйрекбай.

Ал спорт кешенінің жастар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын қаражиделіктер қуана жеткізді.

- Бүгін жаңа спорт кешені ашылып отыр. Бұрын ауылымызда мұндай нысан болмаған. Енді балаларымыз бен немерелеріміз осы спорт кешенінде спорт түрлерінен жаттығып, денсаулықтарын шыңдауға мүмкіндік алды. Осындай игі істі жүзеге асырған барша азаматтарға алғыс айтамын, - дейді Қаражиде ауылының тұрғыны Ақпар Әбиров.

Қуанышты жаңалық Көксу ауданына да жетіп, мұнда Бозтоған



ауылында 150 орындық мәдениет үйі ашылды. Нысанның құрылысы өткен жылдың көктемінде басталған болатын. Бұған дейін 1100-ден астам тұрғыны бар бұл елді мекенде мұндай мәдени ошақ болмаған, ал балаларға арналған барлық үйірме сабақтары жергілікті мектеп ғимаратында өткізіліп келген.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменовтің айтуынша, жаңа мәдениет үйі ауыл жастары үшін маңызды даму орталығына айналады:

– Мұндай нысандар – жай ғана ғимарат емес, таланттарды дамытуға, дәстүрді сақтауға, рухани құндылықтарды нығайтуға арналған кеңістік. Боз-тоған ауылындағы мәдениет үйі жастар үшін руха-

ни даму орталығына айналатынына сенімдімін. Мұнда үйірмелер, шығармашылық студиялар жұмыс істеп, концерттер, кездесулер мен мерекелік шаралар өтетін болады. Ауыл үшін бұл – мәдени өмірдің жаңа парағы, – деді ол.

Жергілікті тұрғын Дариға Жаман-баланова да қуанышын бөлісті:

– Біз бұл күнді ұзақ күттік. Құрылысқа күш-жігері мен қаражатын салған барша азаматтарға алғысымыз шексіз. Енді балаларымыз үйдің қасында музыкамен, бимен айналысып, өнерін шыңдайтын болады. Бұл – жастарымыздың болашағына жасалған маңызды инвестиция, – деді ол шынайы ризашылығын білдіріп.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімі Ғалымжан Манбаев желтоқсан оқиғасына қатысушы жерлестеріміз, алмалылық Сәрсембек Сембекұлы мен Қарабөкет ауылында тұратын Құралай Төлеуқызын қабылдады. Жүздесу барысында Ғалымжан Қанатұлы сол бір қасіретті жылдың ұлтымыздың тарихында ерекше орын алатын атап өтіп, - 1986 жылы Алматыда болған бұл көтеріліс — халқымыздың ұлттық намысы мен еркіндікке деген ұмтылысының айқын көрінісі. Кеңестік жүйенің әділетсіз шешіміне қарсы шыққан қазақ жастары өз елінің тағдырына бейжай қарамайтынын дәлелдеді.



Желтоқсан — тәуелсіздікке бастар жолдағы алғашқы батыл қадамдардың бірі болып, елдің санасында азаттық рухын оятты. Бұл оқиға кейінгі ұрпаққа отансүйгіштік пен елжандылықтың өнегесі ретінде мәңгі сақталады, - деді. Сондай-ақ кездесуде аудан әкімі желтоқсаншылардың мәртебесін көтеру мақсатында ауданымызда ескерткіш орнату мәселесін көтерді.

1986 жылы Талдықорған педагогикалық институтының 3 курс студенті болған Сәрсембек ағамыз 16 желтоқсан күні батырлық танытып, қаланың барлық оқу орындарына рухты оятатын ұнпарақ таратып, азаттықтың ақ таңы болған Тәуелсіздікті құруға өз үлесін қосса, сол оқиғаның бел ортасында жүріп, ұлт намысы үшін басын бәйгеге тіккен Құралай Төлеуқызының батылдығы мен патриотизмі бүкіл қазақ жастарына үлгі.

Азаттық жолында бастарын қатерге тіккен жерлестерімізге өңір басшысы сыйсияпат көрсетіп, алғыс хаттар табыс етті.

Өз тілшіміз.

Құқықтық тәртіп



Сарқан ауданы бойынша 2025 жылдың желтоқсан айының 11 мен 13 күндері аралығында «Құқықтық тәртіп» атты жедел профилактикалық іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараның мақсаты, пробация қызметінде есепте тұратын қоғамнан оқшаулаусыз жазасын өтеушілердің қайталап қылмыс жасауының алдын алу, қоғамнан оқшаулаусыз жазасын өтеушілердің (шартты сынақ мерзімі, бас бостандығынан шектеу, қоғамдық жұмысқа тарту, түзеу жұмыстары, жазасын өтеуді кейінге қалдырылғандардың) жаза өтеуден жалтару, жаза өтеу тәртібін бұзғандарды анықтау. Жаза өтеу тәртібін бұзғандарға заң шеңберінде шара қолдану. Осы аталға іс-шара барысында аталған сотталғандар тұрғылықты мекен-жайлары бойынша Сарқан аудандық пробация қызметкерлерімен, Сарқан АПБ ҚҚБ учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп тексеріліп, нәтижесінде қоғамнан оқшаулаусыз жазасын өтеуші сотталғандардың жаза өтеу тәртібін бұзған 2 фактісі анықталды яғни Сарқан аудандық пробация қызметі бөлімшесін ескертуінсіз Сарқан ауданынан тыс жерге шығып кеткен. Сонымен қатар, бір сотталғанға қатысты бас бостандығынан шектеу жазасының тәртібін қаскөйлікпен бұзғандығы үшін бас бостандығынан шектеу жазасының өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыру жазасына алмастыру сұрақтарын шешу үшін Сарқан аудандық сотына ұсыныс жолданды.

М.ЕРКЕНОВ,

Сарқан аудандық пробация қызметі бөлімшесінің бастығы, әділет майоры.

УСТРАНЕНО НАРУШЕНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА СО СТОРОНЫ СУБЪЕКТОВ КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу по итогам мониторинга выявил нарушение антимонопольного законодательства со стороны субъектов квазигосударственного сектора в сфере водоснабжения и водоотведения.

Установлено, что в уставах отдельных субъектов были предусмотрены виды деятельности без обязательного согласования с антимонопольным органом, что противоречит требованиям статьи 192 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан.

По итогам рассмотрения Департаментом вынесены предписания об устранении нарушений, которые на сегодняшний день исполнены в полном объеме.

Справочно: расширение или изменение видов деятельности юридических лиц, более 50% акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат государству, возможно только при согласовании с уполномоченным органом в области защиты и развития конкуренции.

•101 ескертеді

Мұзда жүру ережесі

Қыс кезінде мұздағы қауіпсіздікті сақтау аса маңызды. Яғни тұрақты аяз түскенге дейін, мұз әлі жұқа болады. Күндізгі және түнгі суықта қатқан мұз, азғана салмақты көтеруге қабілетті, алайда күндіз тез жібіп, еріген су ағады, қуыс және әлсіз болады, бірақта жеткілікті қалыңдықты сақтайды.

Мұзда жүру ережесі: 1. Тәуліктің қараңғы уақытында және нашар көрінетін кезде (тұман, қар басу, жаңбыр) ешқандай жағдайда мұзға шығуға болмайды. 2. Өзеннен өтерде мұз өткелдерін пайдаланыңыздар. 3. Аяқ соққысымен мұздың қаттылығын тексеруге болмайды. Егер бірінші қатты соққыдан кейін, шаңғы таяқшасымен қатты ұрғаннан кішкене су көрінсе - бұл мұздың жұқалығын білдіреді, онымен жүруге болмайды. Мұндай жағдайда өз ізіңмен жылжып адымдармен мұздан аяғыңды алмай және иықтың өлшемімен салмақ салмай жағаға қайтадан шығу қажет. Мұздың жарылуы кезінде дәл осылай жасау керек. 4. Ата-аналарға нақты өтінім: (балыққа, шаңғы мен коньки тебуге) мұзға балаларды қадағалаусыз жібермеңіздер. 5. Су айдындарында жиі кездесетін қайғылы оқиғалардың бір себебі – алкогольден мас болу. Адамдар қауіп-қатерге бей-жай қарайды, келеңсіз жағдайда әлсіз болады.



Ө.ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сымдар жүйесіндегі ақаулық



Қазіргі уақытта электр қуатынсыз өмір сүру мүмкін емес екендігі баршамызға мәлім. Алайда электр көздерін пайдалануда мұқиятсыздық таныту түрлі проблемаларға алып келеді. Соның бірі өртке алып келетін сымдар жүйесіндегі ақаулық, ал оның негізгі себептерінің бірі сымдар жүйесінің жасы.

Бірнеше жыл бұрын монтаждалған сымдар жүйесі қазіргі заман талаптарына сай емес. Ал электр сымдар жүйесінің тозуы қысқа тұйықталуды, нәтижесінде жануды тудырады. Көп жағдайда қысқа тұйықталу өрттің пайда болуының себебі болуы мүмкін. Егер сымдар жүйесі дұрыс жұмыс істесе, фаза мен нөл сымы арасында ток арнайы қуат арқылы өтеді.

Ал егер де қуат болмаса қысқа тұйықталуды тудырады. Үйде және өндірісте қысқа тұйықталудың пайда болуы адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіпі бар. Қысқа тұйықталудың себебі сымды оқшаулаудың тозуы немесе сапасының төмендігі, сымдар арасы дұрыс қосылмауы. Мұндай жағдайлар облысымызда көп кездеседі. Көп жағдайда тұрғындар электр жүйелерін жүргізетін мамандардың тоқ жүйелерін жүргізуде техника қауіпсіздігін сақтамай, өрескел қателік жіберетіндігін айтып жатады. Алайда мамандарды ғана кінәлі деп санау дұрыс емес. Өйткені әр адам өзінің өмірі үшін жауапты болады.

Қорытындылай келе, аудан тұрғындарына айтатынымыз, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз, адам өміріне қауіп төндіретін қысқа тұйықталу кезінде «101» немесе «112» телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыз.

РАХМАРОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

«Менің таза қалам» сурет байқауы



Жақында «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында оқушылар арасында Сарқан ауданының жастары ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Менің таза қалам» атты сурет байқауы өтті. Мақсат жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға шығармашылық тұрғыдан қызығушылық арттыру, туған жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікке тәрбиелеу.

Аудандық Құман Тастанбеков атындағы мәдениет үйінде өткен сурет байқауында оқушылар өз шығармашылықтары арқылы туған қаласына, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін, таза әрі көрікті болашаққа деген көзқарасын өнер тілімен жеткізді.

Қаламыздың 5 мектебінен қатысқан 51 бала өз түсініктеріндегі тазалықты ақ қағаз бетіне бейнеледі. Байқау үміткерлерінің бай қиялдары шеберлікпен

ұштасып, көрермендерінің таңданысын тудырды. Балалардың туындылары – экосана мен тазалыққа шақырудың жарқын үлгісі болды!

Қазылар алқасы оқушылардың өнер туындыларын жан-жақты сараптай келе 3 үздікті анықтады. Жеңімпаздарға арнайы диплом мен сыйлықтар, ал барлық қатысушыларға алғыс хат табыс етілді.

Өз тілшіміз.

«ҚТЖ–ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ІС–ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК ТАЛАПТАРЫН БҰЗУ БЕЛГІЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы - Алтынкөл станциясы әрекеттерінде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілерін анықтады.

Аталған бұзушылықтар жекелеген нарық субъектілеріне жеңілдіктер немесе өзге де артықшылықтар беру бөлігінде анықталды. Соның нәтижесінде кәсіпорын бұл субъектілерді бәсекелестеріне қатысты артықшылықты жағдайға қойып, мүлікті жалға алу шарттарын жасасу кезінде қызмет жүргізу үшін қолайсыз жағдайлар қалыптастырған.

Анықталған бұзушылықтар негізінде Департамент тарапынан тиісті хабарлама жолданды. Қазіргі уақытта хабарлама шарттар бойынша міндеттемелерді өзгерту арқылы қосымша келісім жасасу жолымен орындалды.

В ДЕЙСТВИЯХ ТОО «КТЖ–ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ВЫЯВЛЕНЫ ПРИЗНАКИ НАРУШЕНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу установлены признаки нарушения антимонопольного законодательства в действиях ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» - «станция Алтынколь».

Нарушения выявлены в части предоставления отдельным субъектам рынка льгот или других преимуществ. Тем самым предприятие поставило данных субъектов в привилегированное положение относительно конкурентов, создав неблагоприятные условия деятельности при заключении договоров аренды имущества.

На основании выявленных нарушений Департаментом направлено соответствующее уведомление. В настоящее время уведомление исполнено путем заключения дополнительного соглашения с изменением обязательств по договорам.

Алаяқтар тактикасын өзгертуде: ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕР ӨЗДЕРІ БАЙЛАНЫСҚА ШЫҒАДЫ



Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің төуекелдерін болжау орталығы интернет-алаяқтықтың жаңа түрі туралы ескертеді.

Шетелдік дереккөздердің мәліметтері бойынша алаяқтар жаңа шабуыл толқынын іске қосып, жеткізу қызметтері, басқарушы компаниялар және банктер атынан хаттар мен SMS-хабарламалар жіберуде. «Авторизациядағы қате», «домофонды ауыстыру» немесе «есептегіштерді тексеру» деген сылтаумен қаскүнемдер азаматтарды олардың өздерін қайта қоңырау шалуға мәжбүрлейді. Нәтижесінде, ештеңеден күдіктенбейтін тұрғындар кибералаяқтарға әлеуметтік инженерия құралдарын қолдануға жағдай жасайды. **Мыналарды ұсынамыз:** сақтық танытып, беймәлім кіріс хат-хабарлар мен қоңырауларға сыни көзқараспен қарау; ұйымдардың ресми сайттарында көрсетілген телефон нөмірлеріне ғана қайта қоңырау шалу; екі факторлы аутентификацияны пайдалану; банк карталарының деректерін, SMS арқылы келетін бір реттік кодтарды және өзге де құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеу.

Қырағы болыңыздар, киберқауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПKE АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ.

Перспективные сорта озимой пшеницы

На Саркандском Г.С.У. в течении многих лет проводятся сортоиспытания озимой пшеницы. Мы занимаемся выращиванием и выявлением сортов на изменение условий внешней среды, включая экстремальные, устанавливаем стабильность качественных показателей.

Так как озимая пшеница является одной из главных зерновых культур в сельском хозяйстве. Она отличается высокой урожайностью, зимостойкостью и устойчива к неблагоприятным природно-климатическим условиям нашего региона. Лучше других культур переносит осенний посев во влажную почву и весеннее переувлажнение.

За это время на нашем участке прошлой сортоиспытания очень много сортов, самые лучшие сорта показавшие хороший результат, по всем пока-



зателям в течении нескольких лет были районированы в нашей области. К перспективным и проверенным временем сортам относятся сорта – Алия, Жаворонок, Гром, Одесская 120.

Самыми главными показателями является не только высокая урожайность, но и несколько других факторов, это вегетационный период растений, устойчивость

Тарихтің сарқылмас қоры



Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2020 жылғы 22 желтоқсан №874 қаулысымен мерекелік күндер күнтізбесіне «22 желтоқсан – Архившілер күні» болып бекітілді. Еліміздегі барлық архивтер Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңына сай жұмыс жүргізеді. Қазіргі таңда архив саласына айрықша көңіл бөлініп, құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдауда, қолданыстағы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заң жобасына бүгінгі күн талабына сай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде мемлекет қорғайды. Еліміздегі барлық архивтер төл заң аясында атқарылған барлық қызметтерін айқындаған және мемлекет пен азаматтар мүддесін абыроймен атқарып келеді.

Бүгінгі таңда «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ – нің Сарқан филиалының директоры Карипова Маржан Имангельдіқызы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінен «Архив саласының үздігі» медалімен марапатталды, сондай – ақ филиал директоры мен архивистері облыс әкімінің, облыстық мәдениет басқарма басшысының және облыстық мемлекеттік архивтің бас директорының құрмет грамоталарымен марапатталған.

«Архив дегеніміз – тарихтың сарқылмас қоры». Тарихи құжат – ұрпаққа аманат.

Р.ОРАЗАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ – нің Сарқан филиалының ақпараттық технологиялар архивісі.

к засухе и обильной влаге, устойчивость к болезням и вредителям, полеганию и осыпанию, а так же лабораторные данные, где определяется содержание белка и клейковины, что очень важно при хлебопекарных качествах. Озимая пшеница основная продовольственная культура-сырье для производства муки и хлеба.

Испытание на нашем участке проводится по двум предшественникам, это чисты пар и предшественник зерновые. Стоит отметить что урожайность по пару намного выше, чем по зерновым. Наш регион часто подвергается засухе, и в этом случае чистый пар для озимой лучший предшественник.

При соблюдении правильной агротехники и внедрении новых и качественных сортов можно получить очень хороший урожай. Правильно организованная технология выращивания озимой пшеницы и грамотное хранение урожая, обеспечить значительный экономический результат в сельских хозяйствах.

Т.СЛОНОВСКАЯ,
агроном Саркандского Г.С.У.

Нұрғали Көпесбаев*(Жалғасы. Басы өткен нөмірлерде).*

Осы 1940 жылға дейін біздің ауылда бірде-бір адам дәрігері болған жоқ. Еңбекпен шындалып өскен жандардың үлкен-кішісі де көбінесе жалаң аяқ жүруге дағдыланып кеткен. Даланы, егін-шөп алқаптарын кезіп жүріп, табаныңа денеңді шым еткізіп кірген шөңгелерді суырып тастап, қанаған орнына топырақ сеуіп жүре бересің. Анау-мынау шөңге кірді деп ренжисең үлкендер ұрсады. "Тышқан артын көріп жаралы болыпты" дегендейін болымсыз нәрсеге қынжылғаны о несі екен" деп өзіңді сөгіп тастайды. Сондықтан жұмған аузыңды ашпайсың, намыстанасың.

Біздің қазақ жас нәресте туған кезден бастап шым-шым жылымық күймейтіндей тұзды суға қырық күн үнемі шомылдырып, малдың майымен сылап-сипап массаж жасайды. Сонан соң қол-аяғын өс-өс деп ақырын созғылап, сілкіп, буын қозғалыстарын нығайтады. Содан кейін емізіп, тойғызып, бесігіне әдемілеп бөлеп тастайды. Бесік тазалығы үшін, қауіпсіздік үшін өте жақсы, тіршіліктегі ұжмақ бесігінде осылай шындалып өскен нәресте шыдамды әрі шымыр болады.

Біздің ауылға 1940 жылдың маусым айында жаңадан оқу бітірген Қаншайым Ескендірова деген акушерка қыз келді. Ауылымызға көктен бір періште түскендей қуандық. Бұл қыздың біздің ауылға сіңірген еңбегі орасан зор. Көпшілік үшін ең бір құрметті, сыйлы адам болды. Денсаулық саласына еңбек сіңірген маман ретінде дербес зейнеткерлікке шығып Матай станциясында тірлік кешті.

Біздегі ойын-сауықтың ұйытқысы Ахметбек Бисейітов деген жігіт болды. Бір тілді татар гармонын сатып алған ол осы аспапты құйқылжыта тартатын. Гармонға ысқырық қосып, жырлар айтып, билеп бергенде оның өнеріне ырза болып таңқалмайтын адам болмайтын. Ауыл жастары, балалар түнімен соның соңында жүреміз. Мейрам күндері не жауын жауғандағы демалыс болмаса жұмысқа бөгет келтірмес үшін ойын-сауықтың көбі түн мезгілінде өтетін. Үйленгеннен кейін де келіншегі екеуі ойын-сауық кештерінің басты ұйытқысы болды. Қабақ шытуды білмейтін, алғашқы қарға аунаған түлкідей жайнап шыға келетін жандар еді. Осы асыл азамат 1942 жылы Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапты. Анасы марқұм өле-өлгенше "менің Ақажаным өлген жоқ, тірі, аманшылық болса ертең ақ келеді" деген сеніммен дүние салды.

Ауылдағы комсомол жастарды әскер ойынына үйрете бастады. Кімде-кім осовиахимге (ДОСААФ) мүше болғысы келсе ең алдымен ГТО значоғына экзамен тапсыруы керек. Бұл дегенің жүгіруден, секіруден, турникте ұршықша ойнау сияқты ойындардан шеберлігіңді саралап, бұлжытпай орындау деген сөз. Сонда ғана ГТО значоғы тапсырылады. Одан соң Қызыл крест жартылай ұйымына мүше болу керек. Мұнда сол кездегі медицина әдісін дұрыс қолдануға жетелейді. Бұл ұйымның да значоғы, билеті беріледі. Содан кейін барып атты әскер ойынын ойнатады. Одан соң "Ворошиловский стрелок" деп аталатын мергендік өнерге үйретеді. Міне, сол кездегі осовиахим дегеніміз шындалған жігіттерді дайындап шығарады. Кейін армия қатарына барғанда әскер тәртібін үйренуде үлкен көмек, жеңілдік болатынын қолмен ұстап, көзбен көрдік.

Колхозшылар отбасының тұрмыс жағдайы жақсарған үстіне жақсара бастады. Біздер, оқушылар, 7 жылдық мектеп бітірген соң қайда-қалай оқуымызды бұдан әрі жалғастырамыз деп армандаймыз. Колхозымыздың орталығынан 8 жылдық мектеп ашып, сырттан келіп оқитын балаларға мектеп-интернат саламыз деп жүргенде 1940 жылы колхозымыздың басқармасынан бастап 5-6 белсенді колхозшылар "халық жауы" деген жаламен ұсталып кетті. Сонымен қосымша мектеп салу, мектеп-интернат салу мәселесі жайына қалды. Елдің зәресі ұша бастады. Кешегі ашық-жарқын,

ойнап-күліп сөйлесетін сабаздар енді сыбырласып тілдесетін болды. Осылай бола тұрса да еңбек қарқыны өсе берді. Дегенмен де көңілде бір түйткіл пайда бола бастады. Осы ішкі жаулар жойылып біткен сияқты еді. Мына кедей шаруа жаулары деген сөз қайдан шықты? Түсініксіз, бірге туып, бірге өскен, қыры-сыры белгілі кедейлер қалай "халық жауы" болып кетті? Бұл жағдайды анықтауды тарихшы ғалымдардың үлесіне қалдырайық.

қоя ма" деп көпшілік күйінеді. Бізге жеткен хабар бойынша Шығысымыздағы Жапония самурайларымен бірігіп, Совет елін екіге бөліп алмақшы екен. Оралдан ары қарай онықы, бері қарай мұнықы болмақ. "Жоқ, енді олай бола қоймас, біз өз бостандығымызды ешкімге өліспей беріспейміз" дейді көпшілік.

Бірақ соғыс деген аты жаман құрғырдың. Еуропаны талқандап, қырып-жойып, жүрген жерін қанға бояп келеді



Өмір өткелдері

Осынау жастарға әскер ойынын неге жиілетіп үйрете бастады деген секем үлкендердің көкейінде тұрды. Осында бір гәп бар сияқты деп күңкілдесіп отыратын еді.

Біздер алғашқы 7 жылдықты бітірген жастар түгелдей колхоз жұмысына араласып кеттік. Колхоздың қол күші көбейді. Жас өмірдің еңбек дүбірі қарқынды берді, астық өнімі де молая берді.

Колхозға судай жаңа көк жәшікті қосат жегілетін 40 арба сатылып алынды. Қамыт-сайман да әкелінді, бұл дегеніміз сол кездегі колхоздар үшін орасан зор күш еді. Тазаланған астықты өкімет қамбасына жеткізу қарқын алды. Бұрынғыдай емес, комсомол-жастар бригадасы құрылып алдыңғы арбаға қызыл ту байланатын болды. Бұл бригадамызға ақыл-кеңес беріп отыратын өзіміздің Ербай Тойбаев ақсақал. Аудан орталығындағы астық дайындау орыны тәулігіне 2 рет қатынасып, астық өткіземіз. Қыс кезінде 160 километр жердегі Молалы станциясына әкеліп өткіземіз. Ары-бері кем дегенде бір жеті жүреміз. Жұмыс ауыр болса да, ойнасаң ойынға, күлсең күлкіге тоймайтын жастық шақтың ең бір бақытты кезі еді.

Айта берсе арман көп, қолға қайсысы ілінерін кім білсін?! 1941 жылдың көктемінде Жер-ана ұйқысынан ояғандай күнмен құшақтасып, сүйісіп, жер бетіндегі тіршілікке жан бітіре бастады. Қой қоздап, бие құлындап, түйе боталап, құс біткен шарықтап ән салып, балалар жалаң аяқ көбелек қуалап, ботабан теріп, кемпір-шалдар күншуаққа шығып, қауқылдасып, көңілденіп қалған еді. Колхозшылар болса қыста ретке келтіріп дайындап қойған трактор, соқа-сайман, күш-көліктерін жөнге келтіріп жатты. Өдеттегідей 1941 жылдың 1 сәуірінде колхоздың көпшілік жиналысы ашылды. Әр бригаданың алдына жеке-жеке жұмыс жоспары беріліп, көктемгі егісті дұрыстап өткізу туралы қаулы алынды. Өзара социалистік жарыс шарты бекітіліп, озып шыққандарға берілетін Қызыл ту мен ақшалай, заттай сыйлық мөлшері белгіленді.

Көктем егісі дер мезгілінде ойдағыдай аяқталды. Келесі жұмыс науқаны, әрине, шөп шабу мәселесі еді. Бұл науқанға да сақадай-сай сайланып кірісіп кеткенбіз.

Ойынымыз ойын, күлкіміз күлкі болып жүргенде маусымның 22-сінде түскі демалыс кезінде мектеп директоры Қалдыбаев деген кісі келіп жиналыс ашты. Біздің бейбіт жатқан елімізге қарсы Батыс жағымыздан Гитлер бастаған фашистік Германияның тұтқиылдан соғыс бастағанын хабарлады. Ашық аспан демде қара түнек басып айналып кеткендей, қасқыр ұлып, боран соғып кеткендей болды. Біздің ауылдың адамдары Германия деген қандай мемлекет, неміс деген қандай халық, қарапайым пенде ме, немесе жабайы адамдар ма, фашизм деген немене, осы сауалдардың барлығын білмейтін. Олардың жер шарының қай жерінде тұратынын да білмейтін. Көпшілік бұл хабарға не сенерін, не сенбесін, не жылары, не күлерін білмесе де соғыс дегеннің жақсы емес екенін сезеді. "Біз ол иттің несін алдық, өзінің елі, жері бар емес пе, енді келіп тыныш жатқан біреудің елін қырып, жерін тартып аламын дегені адамға да, құдайға да дұрыс емес қой, біреу оған елін қырғызып, жерін беріп

дейді. Бұл соғыс бұрынғыдай қол күшімен соғысатын соғыс емес, әуеден самолетпен, жерден зеңбірекпен бомбалайды екен. Темір тонды танкісімен таптап, қару-жарақтың барлық түрімен қаруланған қалың қаптаған жаяу әскерлері елді-жерді қан сасытып келеді дейді. Бұл соғыс өмірмен өлім соғысы. "Өттең, бұл соғыс қол күшімен сойылдасып, қылыштасар болса сол немістеріңді фашист-машистімен біздің ауылдың жігіттері-ақ қасқыр тиген қойдай ғып өз жеріне айдап апарып тастар еді-ау" деп армандайды үлкен ақсақалдар.

Соғыстың аты соғыс, колхоз құрылысына, елдің әлеуметтік дамуына қырсығын тигізбей қоймады. Жерлестеріміз жаппай әскер қатарына Отан қорғауға шақырыла бастады. Маңдайалды жұмыскер жігіттер топ-тобымен майданға жөнелтіліп жатты. Ауылда боздаған ата-ана, жас жары мен жас бала шырылдап қала берді.

Сол жылғы шөп пен егіннің шығымын айтыңыз. Тіпті керемет мол болды. Кейбір алқап гектарынан 20-25 центнерден астық берді. Майданға кеткен ер азаматтардың орнын әйелдер басты. Олар белді бекем буып, іске кірісті. Басқа түссе кім көнбейді, ат қамыттап, арба жегуді, өгізге мойынағаш кигізіп, соқа жүргізуді үйренді. Жұмыс тәсілін тез меңгеріп кетті. Тоғыз жасар баладан тоқсандағы шалға дейін бас көтеріп, еңбекке кірісті. Астық пен шөп мол болса да дер кезінде жиналып алынды.

Өйтсе де Батыстан соққан қара түнек қалындай түсті. Соғысқа алғашқы кеткендерден қара қағаз келе бастады. Сондағы фашистерге лағынет қарғысын айтып боздаған, ақ сақалынан алты тарам жас аққан аталарды, ақ шашын жайып аңыраған аналарды көрсеніз жер басып тұра алмаған болар едіңіз. Шыбындай жанын қоярға жер таппай, сүйген жар қызығына тоймаған жас келіншек пен жас баланың шыңғырып жылағанын естісеңіз мәңгі бақи ерімейтін мұзды мұхит та еріп кеткен болар еді.

Ел басына мықтап қиындық туды. Ауыл азаматтарын бірінен соң бірін майданға жіберіпті. Бұрынғы еңбекті еселейтін қол күші азайды. Оның үстіне көк арбаларды атқа жегулі күйінде соғысқа жөнелтті. Колхоз орталығындағы жалғыз жүк машинасы да майданға алынды. Жақсы-жақсы сәйгүлік жылқылар да Батысқа жөнелтілді. Ел-жұрттың, колхоз құрылысының негізгі ауыртпалығы әйелдер мен жас балаларға, көрі кемпір-шалдарға ауысты. Бірең-саран броньмен қалған тракторшылар болды. Жас бойдақ келіншектер тракторды, шөп шабатын машинаны жүргізуді үйрену үшін 3 айлық курсқа жіберілді.

Жылағандарға үлкендер тоқтау айтып, белді бекем буып, мықты болуға шақырды. "Көбін киген келмейді, кебенек киген келеді" десті олар. "Қара қағаз" оқпен оттың ортасында жүргенде жаңылыс жазылады" деп қаралы үйлерді сендірді.

Қазақ халқының басынан қилы-қилы замандар өткен ғой. 300 жылдан астам уақытқа созылған Жоңғар шапқыншылығы, төңкеріс жылдарындағы бай мен кедей қақтығысы өз зардабын тигізген. Соған да шыдаған қазақ халқы мына неміс итті де тұмсығынан дәл

ұрып жеңеді дейтін үлкендер. Бұлардың соғысы әділетсіз соғыс, біреудің елін, жерін тонау деген атам заманнан ешкімге опа бермеген. Жау жеңіледі, біз жеңеміз десті көпшілік.

1942 жылдың басында менің туған бауырым Мұқан майданға алынды. Ең соңғы хатында "Сталинград үшін шайқасудамыз" деп жазған еді. Сол майданда ерлікпен қаза тапты.

1942 жылдың тамыз айынан бастап 1924-25 жылғы туғандарды жинады. Мен ол кезде 17 жаста едім. Майданнан жеңіл жаралы болып қайтқан, бұрын әскери дайындықтан өткен сержанттар аудандық әскери комиссариаттың бұйрығымен бір айлық дайындықтан өткізді. Бұл бізге жақсы болды, соғысқа барар алдында соғыс тәсілдерімен танысуға, қаруды пайдаланудың жөнін білуге мүмкіндік туды. Әскери тәртіп туралы мағлұмат алдық, әскерше жүріп-тұруды үйрендік.

Әскер қатарына барғанда орыс тілін мүлде білмейтін жастарды көрдік. Солар тіл білмегенмен командирдің айтқандарын тез түсініп, әскерлік іс-әрекет, айла-тәсілдерді, ату-шабуды жақсы үйреніп алды. Оның үстіне арнамыс деген бар, ешкімнен кем қалмауға тырысамыз. Ұлттық намысымызға кір келтірмеуге ұмтылды.

Шақыру қағазы келгенде әкем жалмажан бір қойды сойып жіберіп, қуырдақ жасатып, бұрыннан сүрленген май салатын қойдың қарнына әлгі қуырдақты құйып, суытып, аузын байлап қойды. Шешем сүрленген қозы қарнына тарыдан жасалған жент салып берді. Оның үстіне бауырсақ, кепкен құрт, ірімшік салынды. Мен көтеріп жүретіндей жол тамағы көпке дейін шыдайтын еді. Бір қабат таза іш киімді де жолқабыма салып дайындап қойды. Үш үйдің ортасындағы ең кенжесі болғандықтан майданға аттануыма жан-жақты дайындалды. Үш үй деп отырғаным екі нағашымның үйі, біздің үй бір-бірінен бөлініп көрмеген. Екі нағашымнан ол кезде бала жоқ еді. Біздің үйден екеуміз. Ағайым соғыста, қан майданда, енді қалған мен жалғыз емей кім жалғыз? Бәрінің сыры ішінде, іштері қазандай қайнағанымен сыр бермей тірідей өлімге өз өркімен кетіп бара жатқан менің көңілімді көтеруді ойлайды.

Ертең ерте жүрер алдында үлкен нағашым мені оңаша шақырып алды. Бауырыма мейірлене қысып маңдайымнан иіскеді де "аман барып, сау қайт" деп қарлыққан дауысымен сыбырлады. Нағашымның сол күнгі сыбырлап айтқан үні әлі күнге дейін құлағымда.

Соғыстан кейінгі есеп бойынша біздің 60 үйлі ауылымыздан 132-ден астам адам соғысқа қатысып, 80 адам майданнан оралмай, соғыс даласында ерлікпен қаза тауыпты. 11-12 адам жаралы болып оралған, қалғандары сау-саламат еңбек майданына араласты. Майданға кеткендердің алды капитан, полк комиссары, офицер-сержанттар болып соғысқа қатысты. Өкімет наградаларының иегері болып оралды. Біз, әрине, Отан алдындағы борышымызды адал орындағанымызды мақтан тұтамыз.

(Жалғасы бар).

Шағын ауыл, шағын

үйлер біркелкі,
Өзің жайлы жаза бергім келеді.
Кейде маған естілгендей болады,
Көрші атайдың

арбасының шиқылы.

Алмалының етегінде орналасқан туып-өскен жерім – Абай ауылы жайында, ондағы өмір сүріп жатқан адамдар жайында, әдемі табиғаты жайында, әкемді, анамды көргендер жайында айта бергім келеді, жаза бергім келеді. Біздің ауылдан шыққан спорт, өнер, әдебиет, ауыл шаруашылығы, өндіріс саласында аттары елімізге белгілі тұлғалар аз емес. Сонымен тағы да ауылым жайлы жазып көрейін.

2025 жылдың қазан айында Америка Құрама Штатындағы Вашингтон қаласында өткен оқушылар арасындағы шахматтан әлем чемпионатында небір мықтыларды артқа тастап, Республикалық физика-математика мектебінің (РФММ) командасы жүлделі II орынды иеленді деген қуанышты хабар келді. Бұл жарысқа әлемнің 45 мемлекетінен 500-ден аса оқушы қатысқанын ескерсек, жарыстың қаншалықты салмақты, қаншалықты күрделі екендігін саналарыңызға салып, сараптай беріңіз. Жалпы соңғы кездері шахмат ойынынан біздің ересектеріміз болсын, жасөспірім оқушыларымыз болсын әлемдік деңгейде өте табысты көрсеткіштер көрсетіп жүр. Қазақстанның әйелдер құрамасы соңғы олимпиадада жүлделі III орынды иеленгенін білеміз. «Неге соның ішінен Вашингтонда болған жарыс қорытындысына тоқталдыңыз?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Жауап берейін: бұл чемпионатқа бару үшін іріктеу турнирі Қазақстан Шахмат федерациясының ұйымдастыруымен 2025 жылы маусым айында РФМ мектебінде өткізілді. Осы жарыста әлем чемпионатына бару үшін алты команда іріктеліп алынды. Бұл турнирге мемлекетіміздің ірі-ірі қалаларынан, дарынды балаларға арналған мектеп-лицейлерден, гимназиялардан, арнайы шахмат курстарында оқитын, бірнеше әлемдік ірі додаларға қатысып, жүлделі орын алып жүрген оқушылардың қатысқанын баса айтайық.

Осы іріктеу турниріне шалғайдағы шағын ауылдан барып қатысқан жалғыз мектеп – Сарқан ауданы Абай ауылы Тасарық орта мектебінің Сегізбаев Марат жетекшілік етіп отырған оқушылар командасы барып қана қоймай жоғарыда аталған аулы командалармен иық тіресе ойнап, 5-орынды иеленіп қайтты. Барып қана қоймай әлемдік чемпионаттың есігін қағып, өздерінің кім екенін білдіріп, көрсетіп қайтты. Не деген жүректілік! Не деген өз қабілетіне деген сенімділік!

Бұған дейін де Атамбеков Нұрлан, Сегізбаев Марат жетекшілік еткен ауылдағы шахматшы оқушылар командасы, жеке қатысушылар, республика, облыс, аудан деңгейіндегі түрлі жарыс, додаларға қатысып, өз шеберліктерін шыңдап, жүлделі орындарды иеленіп, түрлі марапаттарға қол жеткізіп жүргендерін білетінміз. Ал әлем чемпионатына баруға үміткер болып қатысып, 5-орынды иеленулері ерекше құбылыс дер едім. Иә, сонымен бұл құбылыстың да сырын ашуға тырысып көрейін. Командадағы жеке бір оқушыға топталып, осы керемет, жақсы ойнайды деп бөліп-жарып айту мүмкін емес. Сегізбаев Мараттың өзінің де шахматтан және қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан жеткен жетістіктері мен көрсеткіштері ауыз толтырып айтарлықтай. Мараттың өзінің және команда мүшелерінің түрлі жарыстарда алған жүлделі орындарға ие болғандығын куәландыратын кубоктар мен медальдар, марапат қағаздары мектеп қорында жетіп-артылады. VI ғасырда Үнді елінде пайда болып, Парсы елдері арқылы Еуропаға өтіп, одан Ресей арқылы Қазақстанға жеткен ақыл-ой озықтығымен ғана бағындырылатын осы бір ойын түрі қалайша қазақтарға оң жамбасымен келіп жатыр деген сұраққа шахматтан және тоғызқұмалақтан бірнеше ұрпақтың ұстазы болған тарихшы Жазықбаев Есенқұл Әбікенұлының жауабын тыңдайық:

«Шахмат ойыны келмей тұрып көшпенділер тоғызқұмалақ ойынын

Шағын ауылдағы шахмат мектебі



ойлап тапқан. Тоғызқұмалақ ойыны шахматқа қарағанда күрделі ойын. Тоғызқұмалақ ойыны – адамның санасын шынықтыратын, жетілдіретін, жылдам ойлап, жылдам шешім қабылдауға, есептеудің түрлі тәсілдерін меңгеруге ықпал ететін ой спорты. Осындай ойынды ойлап тауып, ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп бізге жеткізген бабалардың ұрпақтары үшін шахмат ойыны оң жамбасқа келуі заңдылық! Қазақстанда шахмат және дойбы федерациясының бастығы болған, бірнеше жылдар бойы «Білім және еңбек» журналының бас редакторы қызметін атқарған, кеңес өкіметі кезінде ұмытыла бастаған «Тоғызқұмалақты» жандандырып, халықпен табыстырған Талап Сұлтанбеков деген азамат екенін біле жүрейік. Ол кісінің шахматты және тоғызқұмалақты үйрену туралы ғылыми-әдістемелік кітаптары, еңбектері әлі қолданыста. Алауданымызға, ауылымызға «Тоғызқұмалақты» әкеліп, жандандырып дамытқан Есенқұл Жазықбаев ағайымыз. Есенқұл ағайымызды ешкім шахматқа арнайы үйретпеген. Үйде өзінен үлкен ағалары Жанәбіл мен Тәңірбергеннің ойындарына қарап отырып үйреніп алған. Осы үйренгеннен армия қатарында жүргенде, ауылдан шыққан қарадомалақ бала полк чемпионы болған ғой! Ал Есенқұл ағайымыздың тоғызқұмалаққа келуі тіпті қызық. 1993-1994 жылдары, Тасарық орта мектебінде директор болып жүрген Есенқұл ағайымызды сол кездегі аудандық оқу ісінің меңгерушісі Сүлейменов Әлімхан Сүлейменұлы шақырып алып, мынадай тапсырма береді. «Есенқұл Әбікенұлы сіздің шахмат ойынының шебері екеніңізді естідім. Енді ұмытылып бара жатқан халқымыздың тоғызқұмалақ ойынын жандандырып ауданға әкелуді сізге тапсырамын. Ол сіздің қолыңыздан келеді. Ол үшін сізді Кеңжыра ауылына (Ақсу ауданы) үш күнге жіберемін. Сол ауылда Республика бойынша тоғызқұмалақтан III орын алған азамат бар. Содан үйреніп кел»-деп жұмыстан үш күнге босатады. Үш күн үйде болмаған ағайымыздан үйге келген соң Әбікен әкей: «Қайда барып келдің, не істеп жүрсің?»-деп сұраған ғой. Ағайымыз: «Ақсу ауданына барып, тоғызқұмалақ ойынын үйреніп келдім»-деп жауап береді. Әкесі: «Ой балам-ай ол ойынды мен де білемін ғой. Несіне сандалдың?»-дегенін естігенде Есенқұл ағаның таңданысында шек болмайды. Сонымен Есенқұл ағайымыз әкесінің көмегімен ойынның қыр-сырын одан әрі шыңдап, бұл ойынға ауыл, аудан балаларының қызығушылығын арттырып, жарыстарға қатыстырып жүлделі орындарды иеленіп жүрген бірнеше

ұрпақты тәрбиелеп шығарды. «Ауыл шахмат мектебін, тоғызқұмалақ ойынын бір жүйеге келтіру үшін талай маңдай тер төгілді. Ол еңбегіміз жеміссіз емес. Қазір осы бағытта оқушым Марат Сегізбаев табандылықпен еңбек етуде. Оқушыларымыздың қол жеткізген жетістіктері де мақтанарлықтай». Негізі біздің ауылға шахматтың келуі 1960-1965 жылдар деп топшылаймыз. Осы бір ойынға бірнеше ұрпақтың қызығушылығы артып, жоғарғы нәтижелер көрсетіп жүруінің басында Сыдықанов Зұлқақ әкей мен Мұсанов Төлеухан әкейдің тұрғанын, ол кісілерді көзі көргендер айтып жүр. Осы азаматтардан үйреніп, кейінгілердің үйренуіне себеп болған аға буын ағалар Жолбосынов Рахымбек, Кәрібаев Әнеш, Атамбеков Тоқтар, Татиев Жақсылық, Тұяқбаев Егінтай, Шонкенов Балқаш, Қабылқасымов Мамырбек, Қожамқұлов Изен, Қабдолданов Қанат. Жолбосынов Рахымбек ағайдың шахмат ойынына қызығушылығы соншалық, ол кісінің жеке кітапханасынан шахмат жайында жазылған көптеген кітаптар мен әдістемелік құнды материалдарды табуға болады дейді көзкөргендер. Осындай ағалардың ізін жалғастырушылар Жазықбаев Есенқұл, Мүшелдесов Кәкен, Малыбаев Серікқали, Қомашбаев Болат ағайлар болды. Болат аға қазірге дейін шахматтан әр түрлі жарыстарға қатысып жүр. Облыс бойынша ардагерлер арасында екі мәрте чемпион атанған. Ендігі ойы Сарқан қаласында өзінің шахматтан жеке мектебін ашып білгенін жастардың бойына сіңірсем дейді. Ауылдағы шахмат ойынының келесі өкілдері Нұрахметов Әнет, Жақиянов Қыдыр, Атамбеков Нұрлан, Мүшелдесов Сымақан, Аятбеков Қанат т.б. болды. Аудан, облыс, республика көлемінде шахматтан, тоғызқұмалақтан қандай да бір жарыс ұйымдастырылатын болса, ауыл шахматшыларының арасында іріктеу турниры өткізіледі. Жарысқа баратын команда құрамы қатал тәртіппен іріктеліп алынады. Сондықтан да болар командалық жарыс болсын, жеке ойыншылар болсын жарыстарда үнемі жүлделі орындарды иеленіп келеді. Жоғарыда аты аталған азаматтардың барлығының жүлделері, марапаттары қомақты. Көпшілігінің спорт шебері, спорт шеберлігіне үміткер деген атақтары бар. «Генетика» - ғылымы дамымай, ашылмай, мойындалмай тұрғанда біздің қазақ бабаларымыз адамның бойындағы қандай да бір қасиет өзінен кейінгі ұрпағына қан арқылы, тұқым қуалау арқылы берілетінін білген. Оған мысал Есенқұл ағай. Зұлқақ ағаның әкесі Сыдықан мен Мараттың атасы Сегізбай бір атаның балалары. Қазіргі таңда шахматтан, тоғызқұмалақтан жақсы нәтиже

көрсетіп жүрген оқушылардың біреуінің атасы, біреуінің әкесі, біреуінің ағасы шахматпен, тоғызқұмалақпен байланысы бар. Академик Асқар Жұмаділдаев бір сұхбатында: «-Қандай да бір боксшы бір жерге барып біреудің мұрнын бұзып келсе, немесе күрестен жетістікке жетсе улап-шулап машина, үй сыйлайды. Олардың жарысқа қатысуына, жаттығуына қыруар қаржы бөлінеді. Ал біздің оқушылар әлемдік додаларға өз қаражатымен дайындалып, өз қаражатымен барып физика, математика, химия т.б. пәндерден робот жасаудан жүлделі орындар алып келсе ешкім елеп ескермейді. Неге?! Олар да әлемдік деңгейде еліміздің өнұранын шырқатып, көк туын желбіретіп жүр ғой»-дегені көңілге ой салады. Біздің шахматтан жарысқа қатысатын оқушыларымыз да баратын жол ақысын, жарысқа қатысуға рұқсат алатын төлемді, жатын орнын, ішетін тамақтарын ата-аналары төлейді. Бұл іс-шараға республикалық, облыстық, аудандық федерациядан ешқандай қаржы бөлінбейді. Қынжылтатын жағдай!

Осы жазбамды аяқтар алдында әлеуметтік желіден тамаша бір жаңалықты құлағым шалып қалды. Әлемнің 33 мемлекетінен 700-ден аса жасөспірім қатысқан Бангоктағы Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы I орынды иеленіпті. Қоржындарындағы 11 медальдің 5-і алтын. Қазіргі кезде әлеуметтік желіні ашып қалсаң «жұлдызсымақтардың ажырасқаны, татуласқаны, солардың тұрмыс-тіршілігі, не ішіп, не жейтіндері. Солардың жай адамдарға текке қажеті жоқ өмірлерін жанталасып талқылап жатқандары». Жалықтық! Тіпті жиіркенішті! Қоғамды, өмірге деген көзқарасты өзгерту үшін осындай тасада жатқан балалардың өмірі мен тұрмыс тіршіліктерімен өзгерерді таныстырып, келешек ұрпаққа соларды дәріптесе жалпы қоғам жақсы жаққа қарай бет бұрар еді! Ұрпағымыз ойлы, жігерлі, саналы болып өссін деп тілейік! Ескеріңіздер – біздің Қазақстанда шахматтан чемпионат 1933 жылы өткізілген. Қазақстанның шахматтан тұңғыш чемпионы Сейтқали Меңдешов болған.

Мақала теріліп жатқанда: «Ағымдағы жылдың желтоқсан айының 14-і күні Талдықорған қаласында оқушылар арасына өткізілген шахматтан Жетісу облысының чемпионатында Тасарық орта мектебінің оқушылары - Сұлу Маратқызы II-орын, Данагүл Жомартқызы III-орынды иеленді деген қуанышты хабар келді!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ.
Сарқан қаласы.

Құндығы ауыл

Жетісу өлкесіндегі Ақсу ауданының бұрынғы Қызылтаң кеңшарының Үлгілі бөлімшесі Сарыесік-Атырау құмының бел ортасында Ақсу өзенінен бес шақырым жерде орналасқан. Колхоздастыру науқанына дейін «Найзатиген» аталған ауыл қызыл белсенділердің ұсынысымен «Үлгілі» деген атауға ие болады. Ауыл аты атақты композитор Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» деген кітабының 208 бетінде «Алматы облысының Ақсу ауданының Үлгілі колхозында тұратын Құлынбаев Тоқтарбай деген кісі де Тәттімбеттің біраз күйін біледі» деп атап өтіледі.

1937 жылғы Сталиндік репрессия басталған кезде жергілікті тұрғындарды басқа бөлімшелерге көшіріп, үйлеріне Қылмыстық Кодекстің 58 бабымен айыпталып «Халық жаулары» деген адамдарды тоғытты. Жергілікті халық Үлгілі атауына «Елу сегіз» деген жанама атты алмастырып айта бастады. 1956 жылғы 25 ақпандағы СОКП-ның XX съезінен кейінгі Хрущевтың жылымық кезеңі келіп сотталғандардың тірі қалғандары елдеріне қайтып, олардан босаған тоқал тамдарға бұрынғы тұрғындар қайта орала бастады.

«Халық жауларының» қолымен Ақсу өзенінен бастау алатын Бұрған каналы-нанауылғадейін ұзындығы бес шақырым тоған қазылып үш жүз гектардай жерге тары себілді. Ауыл тұрғындары комбайн жүріп өткеннен кейін масақ теріп, соның өзінен әр үй оншақты қапқа дейін тары жинап алатын. Кейін бес колхоз біріктіріліп Қызылтаң кеңшары болып қайта құрылғанда соның бір бөлімшесі болып құрамына енеді.

1964 жылы біздің отбасы Матай теміржол бекетіндегі үйімізді сатып, атам бір жазда екі басты (бір басында жеңгесі Зейнеп апам тұрды) үй салып кіріп алдық. Үлгілі ауылының ең бір дәуірлеген тұсында үй саны 120-ға жетіп, сегізжылдық мектеп, клуб, медпункт, кітапхана секілді мекемелер тұрақты жұмыс жасап, аудан орталығынан Жансүгіров - Үлгілі - Матай - Құрақсу бағытымен автобус та тұрақты қатынаған еді.

Кешкі сағат сегізден түнгі он екіге дейін ғана мотормен берілетін электр жарығы Қапшағай ГЭС-і салынғаннан кейін 1972 жылдан бастап тұрақты беріле бастады. Қоғамдық мал басы да өсіп қой 20 мыңға, жылқы 300 басқа, сиыр 250 басқа, түйе 120 басқа жетті. Қант қызылшасына су жетіспейді деген желеумен ауылдағы 300 гектар тары алқабы себілмей, мал жайылымына айналып кетті.

Үлгіліде руы Тақет Молдағали атамның үйіндегі шешеміз Адасқан апа атақты Молықбайдың қобызын сақтап, кейін Жетісу Мемлекеттік Университетінің сол кездегі ректоры, белгілі мемлекет қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің араласуымен Талдықорғандағы Ілияс Жансүгіровтің Әдеби музейіне орналастырылды.

Үлгілі колхозының тұрғыны Құлынбаев Тоқтарбайдан композитор Ахмет Жұбанов 100-ге тарта күйді нотаға түсірдім деп жазады.

Үлгіліден шыққан еңбек озаттары да аз болған жоқ. Социалистік Еңбек Ері Құрманбай Жанбаев, екі рет Ленин орденін алған жылқышы Жәнәбілов Жақабыл, Ленин орденді шопан, төренің қызы Нұрлыхан апа, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Ақсу ауданының Құрметті азаматы (қайтыс болған соң) Сайлаубек Дүйсенбеков, екінші және үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегері, жылқышы Көшербек Бейсенбаев, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері шопандар Рау-

ан Әуелбеков, Смахан Рахимов, Саяқ Құрманбаев, бақташы Құмарбек аға, аудандық Кеңестің депутаттары, екеуі де қой қыркүдан облыс чемпиондары болған Асылбекова Құмар мен Балуанова Сақатай сынды саңлақтарды әлі күнге мақтанышпен еске аламыз.

Аядай ғана ауылдан ҚазМУдың журналистика факультетін бітірген Болат Асанбаев, Серік Жәнәбілов, Талғат Батырхан, Айгүл Ахамбай сынды Қазақстанға белгілі төрт журналист – жазушылар шықты. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінің профессоры, академик Нәйля Базанова атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері Гүлмира Сабырқызы Майлыбаева да осы ауылдың тумасы.

Осындай шаруашылығы дүрілдеп тұрған ауыл егемендік алған соң кеңшар тарап, жастар жұмыссыз қалып, электр жарығы сөніп, мектеп жабылып, автобус қатынасы тоқтап тоқырауға ұшыраған ауылдан ел көше бастады. Бүгінде 17-ақ үй қалған ауылда негізінен зейнеткерлер мен бірен саран малмен айналысып отырған жастар бар.

Ауылдың өткен тарихын білетін қариялар да азайып барады. Ауылдың даңқын асырған ардақты ағаларымыз бен апаларымыз дүниеден өтсе де, артында олар туралы жақсы лебіздер мен аңыз әңгімелер қалды. Зейнеткерлікке шығып, аз да болса қолымыз босап, рухани жұмыстармен айналыса бастаған сәттен бері өзім өскен, еңбек еткен ауыл туралы білгенім мен естігендерімді қағаз бетіне түсіріп ұрпаққа қалдыруды жөн санадым.

Ақшаның мөрі

Менің қарамағымда Ахамбай деген ағамыз шопан болып жұмыс істеді. Өзі еңгезердей ірі адам, дауысы да зор. Бір міні керемет боқтампаз адам еді. Алдындағы қойды, астындағы атын, соңындағы итін, құдайдың күнін, ауданнан тартып ауылдағыға дейін бүкіл атқамінер бастықтарды сырттарынан дымын қалтырмай боқтағанда сырын білмейтін, естіген адам «Егер ана сорлылар мына кісінің қолына түссе өлтіріп тастар ма екен» деп шошып қалар еді. Бірақ қанша сұсты болған мен ол бер жағы ғана, шынтауайтында ол кісі кітапті көп оқыйтын, ар жағы таза, дұрыс адам болатын.

Бірде мен: «Аға, неге елді шошытып боқтай бересіз, сырттан келген уәкілдер Сіз туралы жаман ойда қалады ғой, өзіңізді жұртқа жаман етіп көрсетудің қажеті қанша?» деп айттым. Ол кісі ойланып тұрды да, «Інім-ау, ол қаннан ғой, қаннан. Осы боқтаудан зардапты бір кісідей тартқан біздің отбасы болса да қоя алмай жүрмін. Менікі әшейін торғай үркіткендей ұсақ тірлік қой, әкем Нағашыбайды айтсаңшы, боқтаймын деп он жыл Сібірде ағаш кесіп келді ғой» деп күрсінді.

Мен де «Аға айтыңызшы соны» деп жабыса кеттім. Колхоздастыру кезінде болған оқиға екен деп бастады әңгімесін Ақамбай аға. Көрші ауылда аталас ағайын қайтыс болып, жаназаға баруға әкем жолға шығады. Жол-жәнекей колхоздың кеңсесіне кіріп еңбекақысы есебінен ақша бер деп есепшіге кіреді. Ақшаның қат кезі, негізінен еңбеккүнге азық-түлік, кездеме сияқты заттармен берілетін көрінеді.

Апаратын мал жоқ, туысының қазасына аз болса да ақшалай көмек бермек болған Нағашыбай атамиз ары айналдырып, бері айналдырып ештеңе

ала алмайды. Өбден күйінген Нәкең «Соңғы рет айтамын, ақша бересіңдер ме, жоқ па деп есепші мен кассирге ақшады». «Кассада ақша жоқ, бере алмаймын» деген кесікті сөзден кейін атамиз: «Бермесең ақшаңның мөрін с.....» деп боқтап бұрыла бергенде бағанадан бері бәрін тыңдап тұрған аталас ағайыны «сексот» Торыбаев Асқар деген белсенді: «Тоқта» деп бұйырады.

Жолдас Нағашыбай, сен ақша үшін екі бірдей көсемді боқтап, кешірілмес саяси қате жібердің. Қазір протокол жасаймын, кеңседе отырған барлығың қол қоясыңдар деп зіркілдейді.

Аң-таң болған Нәкең не болғанын түсінбей, «Мен көсемдерге қашан тіл тигіздім, боқтасам есепші мен кассирді боқтадым» деп ақталған болады.

«Ақшаңның мөрін с.....» дегенің рас па дейді Сексот. – «Рас» дейді Нәкең.

«Ақшада Ленин мен Сталиннің суреттері тұр, осы суреттер ақшаның мөрі болып есептеледі. Сен саяси сауатсыз надан ақша үшін екі бірдей көсемдерімізді боқтап тіл тигіздің, сенің орның түрме» дейді Сексот белсенді.

Сонымен протокол жасалып, қол қоймаса өздері де жазаланатынын білетін кеңседегілер де қол қойып Нәкеңді идеялық жау ретінде Үштіктің сотымен Сібірге он жылға ағаш кесуге жібереді.

Атамыз жазасын өтеп келгеннен кейін де боқтағанын қоя алмапты. Бірақ он жылда саяси сауаты біраз ашылған адам ғой, мал бағып жүріп аты сүрініп кетсе, алдымен жан-жағына қарап алып «шешенді с.....н Үнзила» деп көсемдер санатына жатпайтын, үйде отырған кемпірін ғана боқтайтын болыпты.

Ашылмай қалған қылмыс

Ауылдағы жалғыз дүкеннің сатушысы әкей. Дүкен деген аты болмаса шағын ауылда қант-шәйдан басқа мандытып сауда жасайтын елде ақша да жоқ кез. Сатушы деген аты болмаса әкей карта мен арақтан бос болса үйде демалып «Батырлар жыры» деген қалың кітаптарды әндетіп оқып жатады. Бірен-саран сауда жасаған адамды шешем өзі жібере береді. Дүкен үйден елу метр жерде, келген адам есіктің үстіңгі жағына қаңылтыр қалбырдан жасап қойған қоңырауды шылдырлатып белгі береді. Сыртта жүрсе апамның өзі, үйде болса ойнап жүрген мен жүгіріп барып айтқан соң кілттерін алып саудасын жасап келеді.

Еркек біткен науқандық жұмыстармен түзде, ауылда бала-шаға, шал-шауқан, әйелдер ғана болғандықтан әкеймен сұқбаттасып, яки арақ ішіп карта ойнайтын адам да табыла бермейтін.

Осындайда сауда жасауға алма бақтың күзетшісі, «Сексот шал» атанған Асқар Торыбаев ақсақал келгенде құдай бір жарылқап қалады. Дереу шешеме қазанға ас салдырып, бір шишаның аузын ашып жіберіп «Кел, Асеке, кел» деп, жүдемелдетіп екіні тартқызып жіберген соң алдына үлкен пиала кесемен қымыз құйдыртып: «Асеке, Сіздің әңгімелеріңізді сағындым, көне, еске түсіріп бір-екеуін айтып жіберіңізші, қазір есті әңгіме айтатын Сізден басқа адам қалмады ғой» деп көпшікті қойып, еліртіп қояды.

Ішке түскен «кәусардың» желігі бар, Асекең біраз ыңыранып алып бастап кетеді.

Бірде әкей - «Асеке осы Сіз ашпаған қылмыс бар ма?» деп сұрап қалды.

«Төлеген бауырым, талай қылмыстың бетін ашып, талай тап жауларын әшкереледік қой. Бірақ ашылмай қалған екі қылмыс мені әлі күнге дейін мазалайды. Стәлін тірі тұрғанда басқаша болар еді, амал бар ма» деп ауыр күрсінді.

«Асеке, құпия болмаса айтыңызшы» деп әкей де жабыса кетті. «Болары болды ғой, Саған айтайын. Менің жанымды қинап әлі күнге мазамды қашыратын осы екі қылмыс. Біріншісі – Кеннедиді атып өлтірген адам табылмады, екіншісі Бектің дүкенін өртеген адам ұстатпады» деді.

Кеннедидің жәйі белгілі, алыстағы Америкаға не істей аламыз, ал Бек атаның дүкенін өртегендер Асекеңнің болжауы бойынша аудан басшыларының өздері көрінеді.

Аудан орталығындағы РайПО (аудандық Тұтынушылар Қоғамы) аталатын мекеменің қоймасына келген тауарларды алдымен аудан басшылары тексеріп, халық санына, атқаратын жұмыстарына (шопан, механизаторларға басымдық беріледі), әлеуметтік жағдайына (Соғыс ардагері, мүгедек жандар, батыр Ана) қарап әр ауылға бөлетін көрінеді. Импорттық тауарлар да солай бөлінгенменде нақтысында дәрежелеріне қарай аудан басшылары, іштерінде сот, прокурор, милициясы бар өздері қоймадан тегін алып кететін көрінеді.

Бірақ кез-келген заттың сұрауы бар дегендей, жаңағы тауарлардың ақшасын орнына қою керек, және әңгіме болмас үшін қай ауылдың дүкенінен сатылғаны туралы есеп беруі керек қой.

Бек ақсақалдың отыз шаршы метр болатын қамыстан соққан, қатты тартсаң есігі жұлынып кететін дүкеніне әлгіндегі қыруар қаржы тұратын шетелдік тауарлар біріншіден істіктесең де сыймайды, екіншіден еңбеккүнге колхоздан ұн, бидай, т.б. керек заттарын алып отырған ауыл тұрғындарында ондай тауарды сатып алатын ақша да жоқ.

Мұқият ойластырылған жоспар бойынша сатушы Бек ақсақалдың қол-аяғын байлап, отқа күймейтіндей қашықтыққа жатқызып (әрине, өзінің келісімімен және басшылардың кепілдігімен) дүкенді өртеп жібереді ғой.

Ауыл адамдары «Бекті өлтіріп жібермей жанын қалтырғанына шүкір» десіп, заң орындары тексеру жүргізген сыңай танытып, ақыр соңында «Қылмыскер табылмады» деген қортындымен прокурор мен милиция істі жауып, «Социалистік мүлікке келтірілген залал істен шығарылсын» деген соттың Үкіммен нүкте қойылады.

Бірақ ондайға көне қоятын Асекең бе, қауіпсіздік қызметінің ауданнан тартып облыс, Республика басшыларына дейін арызды бұрқырата жазғанымен «Үштіктің үкімімен-ақ» көзін құрта салатын баяғы Сталиннің заманы жоқ, қылмыс сол ашылмаған күйі қалады.

Осы екі қылмыстың күйігінен бе екен «Сексот шал» сексенге жетпей қайтыс болып кетті.

Қазір бұдан сойқан небір қылмыстардың ашылмай жатқанын көрсе «Сексот шал» өзін-өзі өртеп жіберер ме еді, қайтер еді...

Содан бері ғасырға жуық уақыт өтсе де, ұйымдасқан қылмыс әлемінің серкелері сол аталарымыздың тәжірибелерін әлі де пайдаланып жүрген бе деп қаламын кейде.



Берікбол ҚАСЫМОВ.

• Тағзым

Әлия апай. Құрманғалиева Әлия Нүсіпбекқызы. Кезінде Бөрлітөбе ауданын әнімен тербеткен, жас ұрпақ көкейіне ұлттық музыканың құнарын сіңірген өнердің өз өкілі еді. Жетпіс беске қараған шағында Талдықорған қаласында дүниеден озып, отбасы, туған - туыстары, жора - жолдастары желтоқсанның 9 - ында қимастықпен соңғы сапарға шығарып салды.

Құрманғалиева Әлия Нүсіпбекқызы 1951 жылы 20 мамырда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Ақсу ауданы І.Жансүгіров ауылындағы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектебін бітіріп, сол жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1973 жылы аталған институттың толық курсын ойдағыдай аяқтап, «орта мектеп және педучилищенің ән-күй пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Еңбек жолын 1973 жылы Бөрлітөбе ауданындағы М.Маметова атындағы орта мектебінде мұғалім, оқу-тәрбие жөніндегі директордың орынбасары қызметтерін атқарады. 1981-1985 жылдар аралығында Бөрлітөбе аудандық саз мектебінің мұғалімі. 2001 жылдан Талдықорған қаласындағы №19 Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп-гимназиясында ұстаздық қызмет атқарған.

Мәдени-көпшілік шаралардың ұйытқысы ретінде республикалық, облыстық, аудандық байқауларға тұрақты түрде қатысқан. Ұстазының жолын қуған Әлия Нүсіпбекқызының көптеген шәкірттері музыка мамандығын жетік меңгеріп, өздері де шәкірттер дайындауда.

Ұлы Жеңістің 40 жылдық мерекесіне орай Бүкілодақтық көркем өнерпаздар байқауының лауреаты медалімен марапатталған. Бірнеше облыстық, аудандық шаралардың ұйымдастырушысы.

Өнер әлемі - сиқырлы әлем

1994 жылы Республикалық білім жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

1995 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Өнер әлемі – сиқырлы әлем. Өнерді өмірмен өзектестіріп, оны құрметтеп, сүйетін жандарға ғана құдіретті әлемнің есігі ашық. Өнерімен Бөрлітөбеге танымал болған Өмірәлі мен Әлия Құрманғалиевтарды қалың елі құрметтеген болатын.

Ол екеуін өнер табыстырған. Көктерек ауылында туып-өскен Өмірәлі Құрманғалиев мектептен соң туған ауылында еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастап 1968 жылы қазақтың Абай атындағы мемлекеттік институтына түседі. Осы оқу орнын ойдағыдай бітірген ол Алматыда қалады да №3 мектеп-интернатында, Республикалық суретшілер одағының шеберханасында өзі қалап алған суретшілікпен айналы-



Дәуренбековтың «Жұбайлар жыры» очеркі арқылы мағлұмат алған болатынын. Сырттай әсерім кейін таныстыққа ұласып, бұл кісілер ауданға арнайы шақырылып, қызметке орналасқанда нығая түсті. Өмірәлі аға Бөрлітөбе аудандық мәдениет бөлімін басқарды да шығармашылықпен жұмыс істейтін біздердің таныстығымыз білістікке, бауырластыққа жалғасты. Әлия апай сол жылдары Бөрлітөбе аудандық саз мектебінде оқытушы болып, өнерді сүйетін жас өрендерге жол ашты.

сады. Жас суретшінің бұл қадамы кейін біліктілікке ұласар ма еді кім білсін, 1973 жылы отбасылық жағдаймен туған ауылына оралған ол Мәметова атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасады. Дәл сол жылы Ақсу ауданы, Қарасу ауылының тумасы, Қазақтың Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының түлегі Әлия Нүсіпбекқызы осы мектепке ән-күй пәнінің мұғалімі болып орналасады. Мамандығы суретші болғанымен Өмірәлінің диапазоны кең, әуезді әндерді шырқауға мүмкіндігі мол болатын. Осы қасиеті оны, әрине, Әлияға сүйікті етсе, Әлияның тамылжыған таңғы ауадай таза дауысы ер азаматты тәнті еткені анық. Сүйіспеншілік өз жемісін беріп, екі өнерлі жастың қосылуы Көктерек ауылы үшін іздегенге сұрағандай болғаны сөзсіз. Екеуі де қызмет бабымен өседі, Өмірәлі М.Горький кеңшарының кәсіподақ жұмысын басқарса, Әлия мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары болады.

Мен алғаш бұл кісілер туралы Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінің әдеби қызметкері Әбен

Бөрлітөбе ауданының білікті маманы ретінде Өмірәлі Құрманғалиевтың совхоз партия ұйымының хатшысы болғанынан, мектеп директоры қызметін атқарғанынан жерлестері хабардар. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары 1996 жылы Лепсі кенттік округінің әкімі қызметіне тағайындалғаны сол ұзақ жылғы жұртшылық сенімінің арқасы. Бөрлітөбе ауданы тараған соң Талдықорған қаласына көшіп барған өнерпаздар отбасы сол жерде де ұстаздық қызмет атқарып, жаңа ортаға тез бейімделіп кетті. Қалада да мәдени-көпшілік шаралардың ұйытқысы болған ынтымақты отбасының айналаға қадір-құрметі ерекше. Әлия апай облыстық әжелер ансамблінің белді мүшесіне айналса, Өмірәлі ағамыз ақтық сапарға аттанғанша өнерден алыстап көрген жоқ.

Құлаққа алтынның сыңғырындай естілетін жағымды дауысын, ән деген әсем әлемін соңына қалдырып кеткен Әлия апайымыздың есімін елі ұмытпауы тиіс.

Жомарт ИГІМАН.



Желтоқсан желі

Сарқан аудандық кітапханасында желтоқсан айының 10 күні «Желтоқсан желі» дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Сарқан ауданының «Зағиптар қоғамының төрайымы: Бексапарова Баян, Ералина Дамеля, Канапьянова Назым және «Jetisy jastary» КММ филиалы «Sarqan jastary» жетекшісі Жантасов Бауыржан Алдабергенұлы мен Ақын Сара атындағы орта мектебінің әдеп және құқық жұмысы жөніндегі менторы Мұрат Шыңғыс Ерланұлы т.б.қатысты.

Іс-шара барысында әр қатысушы өз ойымен еркін бөлісті. Өткен ғасырлардағы, үстіміздегі ғасырдың басындағы қанды шайқастар, ірілі-ұсақты небір көтерілістер, ең акырғысы тарихқа «Желтоқсан оқиғасы» деген атпен енген, кейіннен «Желтоқсан» ұлт-азаттық көтерілісі деген бағаға ие болған 1986 жылғы жастар мен студенттердің жанкештілігі, тәуелсіздікке қан - төгіссіз бейбіт жолмен қол жеткізу үшін арпалысқан ел ағаларының ерен ерліктері халық санасынан өшер ме?! Тарихымызда ерекше орны бар, бәріміз куәсі болған халқымыздың қасіреті мен ар - намысына, сонымен бірге мақтанышына айналған бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамеджановаларды еске алып, олардың рухына тағзым ету парызымыз.

Іс-шара соңында «Барымыз да, бағымыз да Тәуелсіздік» атты кітап көрмесі оқырмандарға таныстырылып, шолу жасалды. Кітап көрмесінде еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы қаламгерлердің жазған еңбектері мен тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындылары жазылған кітаптар насихатталды.

А. ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Сарқан аудандық кітапхана қызметкері.

Менің Қазақстаным

Сарқан аудандық кітапханасында желтоқсан айының 15 жұлдызында «Менің Қазақстаным» патриот сағаты өтті.

Іс-шараға Камбылова Айгүл Жеңісқызының жетекшілігімен Абай атындағы мектеп-гимназияның 4 сынып оқушылары қатысты. Кеш қонақтары: Сарқан ауданының құрметті азаматы, ел анасы, Сарқан аудандық аналар кеңесінің төрайымы, ана медиатор, білім үздігінің иегері: Қалиева Күлшарбан Мырзабайқызы, Сарқан ауданының қоғамдық бірлестігінің төрайымы: Айшолпан Мұқанқызы, ішкі саясат бөлімінің бас маманы: Айтақын Сержан, Желтоқсан қозғалысының қатысушылары: Ақжолов Мұрат Нұғманұлы, Рысханұлы Қайырбек.



Тәуелсіздік күні 1991 жылы тәуелсіздік туралы қол қойылған заң ретінде жыл сайын 16-желтоқсан күні атап өтіледі. Өртүрлі концерттер қойылып, іс - шаралар өтеді. Алайда, бұл күн тек қуаныш күні емес.

Себебі, Тәуелсіздікке түрткі болған 1986 жылғы 16 желтоқсандағы студенттер көтеріліс еске алынып, оларға құрмет тұтылады.

Іс-шара Қазақстан Республикасының ән ұранымен басталып, кітапханада «Барымызда, бағымызда - Тәуелсіздік» атты үлкен көлемде кітап көрмесі безендіріліп, көпшілік оқырман қауымға ұсынылды. Кітап көрмені кітапхана библиографы: Құлымбетова Лаура таныстырды. Оқушылар кеш қонақтарына өлең жолдарын арнап, үлкен экраннан видеослайд көрсетілді. Мәдениет үйінің қызметкері Қуатбек Рахымжанның орындауында «Алға Қазақстан» әні шырқалып, Мұрат Нұғманұлының өсерлі әнгімесін шараға қатысушылар ұйып тыңдады. Іс-шара соңында Кітапхана әдіскері Сейполдина Айсұлу Тілектесқызы қорытынды сөз сөйлеп, кеш қонақтарын атаулы мерекемен құттықтап, отбасыларына амандық, отанымызға тыныштық тіледі.

А.БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Сарқан аудандық кітапхана қызметкері.

ҚАЗСЕЛДЕНҚОРҒАУ ЕСКЕРТЕДІ

Сарқан ауданы бойынша Сарқан, Басқан, Лепсі өзендерінде сең жүру (шугаход) өзен мен көл бетіндегі мұз кесектерінің (негізінен қоңыржай және биіктік белдеулерде) ағыстың, желдің, судың температурасының әсерінен қозғалуы. Сең өзендерде ағыс бағытында, ал көлдерде желдің бағытында жүреді. Сең жүру көктемгі және күзгі болып бөлінеді.

Көктемгі сең жүру мұз жамылғысы бұзылғанда, күзгі сең жүруде су қабатындағы шарбы мұз, анжыр (қабыршақ мұз), көксоқтаның бірігіп қатуынан қалыптасқан мұз кесектері қозғалады. Сең жүру кезеңінде өзен арнасының мұз өтуі қиын жерлерінде, иіндерінде, қайраңдарда мұз сеңдері жиылып, су деңгейі күрт көтеріліп, айтарлықтай аумақты су басуы мүмкін. Мұз жиілігі өзендерде ондық балл жүйесімен, көлдерде үш баллдық жүйемен өлшенеді.

Қар көшкіні – таудың құлама беткейімен төмен қарай орасан жылдамдықпен сырғитын қар немесе мұз массасы. Қар көшкіні қалың қар жаууының, қардың қарқынды еруінің, жаңбыр жаудың, тереңдік қылаудың борпылдақ түзілімі бар қар қабатының қайта кристалдануының әсерінен беткейдегі қар беріктігі бұзылғанда пайда болады. Жылжу сипаты бойынша оны жылжыма, науалық және секірмелі көшкіндер деп бөледі. Құрғақ қардан көшкін жүрген кезде, оның алдыңғы жағында жан-жаққа тарап үлгеретін ауа толқыны пайда болады. Қар көшкіндері өзінің бұрынғы тапталған жолы бойынша жүреді – қар толассыз жауғанда және қолайсыз ауа райында тауға шықпаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ: Тауда жүрсеңіз ауа райын бақылауда ұстаңыз; Тауға шықсаңыз, қар көшкіні жүруі мүмкін тұстардан қашық жүріңіз (көшкін, әсіресе таулардың ағашсыз таза қасбеттері мен бөктерлерінде жиі болып тұрады); Қар көшкіні бола қалған жағдайда тез қауіпсіз жерге өтіңіз; Егер қар көшкініне тап болсаңыз, заттарыңызды тастап, денеңізді көшкінмен бір бағытта ұстап, тізеңізді ішке бүгіп, көлденеңінен жайғасыңыз; Қар көшкініне тап болсаңыз, мұрныңыз бен аузыңызды қолғабыңызбен, шарфыңызбен жауып, көшкін ішінде жүзу қимылдарымен шетке қарай сырғыңыз; Қар көшкіні тоқтағанда басыңыз бен кеудеңіздің алдын тазалаңыз, тыныс алу үшін орын дайындаңыз; Айқайлау көмектеспейді – дыбыс пен дауыс қар тығыздығынан естілмейді, одан да күшіңізді сақтаңыз, ұйықтап қалудан сақтаныңыз; Жоғарғы-төмен (асты-үсті) жақтарыңызды анықтап алыңыз, ол үшін сілекейіңіздің қалай ағатынын бағдарлаңыз. Осыдан кейін қарды аяқ жағыңызға қарай итеріп таптай беріңіз де, тез арада қар құрсауынан босап шығуға тырысыңыз.

ҚАР КӨШКІНІНІҢ БОЛУ СЕБЕПТЕРІ: Қардың ұзақ, толассыз жаууы; Қардың интенсивті, жылдам еруі; Жер сілкінгенде; Жарылыстар; Ауадағы басқа да күшті дыбыс тербелістері (қатты дауыстар).

А.ТОЛЕУОВ,

ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ Сарқан ӨПБ басшысы.

Өсімдіктер карантині мемлекет аумағын немесе оның жеке бір бөлігін карантинді аурулар мен зиянкестер және арамшөптердің таралуынан сақтау үшін ұйымдастырылады. Осыған байланысты ол сыртқы және ішкі карантині болып екіге бөлінеді. Сыртқы карантиннің негізгі мақсаты – ел аумағын карантиндік маңызы бар нысандардан қорғау. Осы мақсатта шекаралардағы арнайы бекеттерде елімізге әкелініп жатқан өсімдік өнімдерінің (дән, жеміс-жидек, орман және жеміс ағаштары, сәндік дақылдардың көшеттері мен тұқымдары) барлығы карантиндік тексеруден өтеді. Оны басқа елге тасымалдау үшін арнайы фитосанитариялық сертификат болуы қажет. Карантиндік нысандардың бірі байқалған жағдайда барлық жүк залалсыздандырылады, жойылады немесе кері қайтарылады. Әр мемлекет үшін карантиндік нысандардың тізімдері бекітіледі.

ӨСІМДІК КАРАНТИНІНЕ ӨЗГЕШЕ КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

«Өсімдіктер карантині туралы» заңға сәйкес, «карантинге жатқызылған өнімдерге карантинді зиянды организмдерді тасығыштар болуы және олардың таралуына әсер етуі мүмкін, карантинге жатқызылған өнім тізбесіне енген және карантиндік шаралар қабылдау қажет болатын өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, ыдыс, орам, жүктер, топырақ, организмдер немесе материалдар енеді. Бұл өнімдерді тасымалдауға Қазақстаннан тыс жерге шығаруға фитосанитарлық сертификат қажет. Аталған сертификатты Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциясынан алады. Мемлекеттік қызметті электронды және қағаз түрінде алуға болады.

Мемлекеттік қызмет алу үшін арнайы орталыққа жүгінген кезде осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес нысан бойынша өтінім, жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат, импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер карантині саласындағы талаптары қажет. Ал электронды порталда мемлекеттік қызмет көрсету стандартындағы қосымшаға сәйкес, электронды құжат нысанындағы өтінім, фитосанитарлық сертификат алу кезінде импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер карантині саласындағы талаптары керек.

Сондай-ақ өтініш беруші карантинге жатқызылған өнімді тексеріп қарауға ұсынбаса, карантинге жатқызылған өнімде карантинді объектілер анықталса, импорттаушы елдің фитосанитарлық талаптарына сәйкессіздігі анықталса, өтініш беруші фитосанитарлық сертификат алудан бас тартса, мемлекеттік қызмет көрсетілмейді. Яғни, жоғарыда көрсетілген құжаттарсыз өнімдерді тасымалдау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 400-бабын бұзу болып табылады. Сондықтан қажетті құжаттар әрдайым өзіңізбен бірге болуы керек.

Ш.ШАҒАМБАЕВА,

Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Жүктілік – денсаулыққа ерекше назарды қажет ететін кезең. Осы ретте, көптеген болашақ аналарды «МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін алу, жарна төлеу қажет пе, қандай медициналық қызметтерді тегін алуға болады» деген сұрақтар мазалайды.

Бұл мәселелер бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми өкілі Забира Оразалиева түсіндіріп берді.

Мен жүкті әйелмін және ресми түрде жұмыс істеймін. Маған жарна төлеу керек пе?

Егер сіз ресми түрде жұмыс істесеңіз, МӘМС-ке жарналар мен аударымдарды жұмыс беруші төлейді. Ай сайын еңбекақыңыздан 2% мөлшерінде жарна ұсталады. Ал, жұмыс беруші өз қаражаты есебінен 3% аударым жасайды. Жүктілік бойынша демалысқа шыққанға дейін бұл міндеттемелер толықтай жұмыс беруші тарапынан сақталады.

Мен жүкті әйелмін, еш жерде жұмыс істемеймін, жеке кәсіпкерлігім жоқ. Сақтандыруды қалай аламын?

Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер – мемлекет жарна төлейтін жеңілдік санатына жатады. Ол үшін өзіңіз тіркелген емханаға барып, жүктілік бойынша есепке тұру қажет. Деректер жүйеге енгізілгеннен кейін әйелге «сақтандырылған» мәртебесі беріледі. Яғни, жарнаны өзіңіз төлеудің қажеті жоқ.

Мен жүкті әйелмін және жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенмін. Табысым жоқ, «нөлдік» есеп тапсырамын. Жеңілдік санатына кіремін бе?

Жеңілдік санатына жұмыс істемейтін жүкті әйел ғана кіреді. Яғни, жүктілік бойынша есепте тұрған, ресми жұмыс істемейтін әрі жеке кәсіпкер ретінде

Жүкті әйелдердің МӘМС бойынша жиі қоятын сұрақтары

тіркелмеген әйел. Егер, сіз жеке кәсіпкер ретінде тіркелген болсаңыз және қызметіңіз ресми тоқтатылмаса, МӘМС-ке жеке кәсіпкер ретінде жарна төлеуіңіз қажет (2025 жылғы төлем мөлшері – 5 950 теңге).

Жеке кәсіпкерліктің табысы болмауына байланысты «нөлдік» есепті тапсыра бересіз. Бірақ, төлем жүргізу тоқтамайды. Жеңілдік санатына ену үшін жеке кәсіпкерліктің қызметін ресми түрде тоқтату қажет.

Мен ресми жұмыс істемеймін, бірақ жүкті бола тұра жеңілдік мәртебесінен шығып қалдым. Неліктен?

Жүйеде міндетті зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар пайда болған жағдайда жеңілдік мәртебесі алынып тасталуы мүмкін. Бұл – әйелдің табысы алып, «жұмыс істемейтін» санатына сәйкес келмейтінін білдіреді.

Мұндай жағдай көбіне жүкті әйелдердің жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, аударымдар жасауы салдарынан орын алады. Мәртебені қалпына келтіру үшін жеке кәсіпкерліктің қызметін ресми тоқтату қажет.

Жүкті әйелге МӘМС бойынша сақтандыру қажет пе?

Иә. Барлық жүкті әйелдер МӘМС жүйесінде сақтандырылған болуы тиіс

Себебі, жүктілік пен босануға қатысты медициналық көмектің басым бөлігі МӘМС аясында көрсетіледі.

Жұмыс істейтін әйелдер – жұмыс берушінің аударымдары есебінен, жеке кәсіпкерлер – өз жарналары есебінен, ал жұмыс істемейтіндер – мемлекет есебінен сақтандырылады.

Жүкті әйел қашан және қай жерде есепке тұруы керек?

Әйел тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген емханада есепке алынады. Егер бұрын басқа емханада қызмет алған болса, қоныс аударуына байланысты жақын аймақтағы емханаға тіркелуі қажет. Жүктілік бойынша медициналық есепке 12 аптаға дейін тұрған жөн.

Жүкті әйелді есепке кім қояды?

Есепке алу үшін әйел тіркелген емхананың акушер-гинекологына жүгінеді. Қабылдау МӘМС аясында жүргізіледі және сақтандырылған мәрте-бесін талап етеді.

Егер әйел сақтандырылмаған болса, дәрігер жалпы практика немесе акушер қабылдауына жүгінуіне болады. Өйткені, бұл қызметтер ТМҚКК шеңберінде көрсетіледі.

Есепке тұрғаннан кейін және табыс болмаған жағдайда жүкті әйел жеңілдік санаты бойынша сақтандырылған



мәртебесіне ие болады.

Жүкті әйелге емханада қандай медициналық қызметтер қолжетімді?

Есепке тұрғаннан кейін әйелдің жағдайы тұрақты бақылауға алынады. Жүктілік кезеңіне сәйкес зертханалық талдаулар, үш кезеңді перинаталдық скрининг аясында УДЗ зерттеулері, қажет болған жағдайда бейінді мамандардың кеңесі жүргізіледі.

Сонымен қатар, әйел денсаулық жағдайына байланысты тәуліктік немесе күндізгі стационарға жолданады. Барлық қызметтер ТМҚКК және МӘМС аясында көрсетіледі.

«Ана мен бала денсаулығы – денсаулық сақтау жүйесінің ерекше бақылауында. Сол себепті жүктілікті уақытылы есепке қойып, әр триместрде белгіленген тексерулерден өту маңызды. Бұл ана мен баланың денсаулығын қорғауға және асқынулардың алдын алуға көмектеседі», – деп қорытындылады ӨМҚК өкілі Забира Оразалиева.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Қылқан жапырақты ағаш тұқымдарын қорғау

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары мен қонақтары 2026 жылғы жаңа жыл мереке қарсаңында қылқан жапырақты жас ағаштарды заңсыз кесуден сақтап қорғау мақсатында «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ бас директорының 2025 жылғы 24-ші қараша күні шықан № 198 н/қ бұйрығына сәйкес Жаңа жыл алдындағы кезеңде қылқан жапырақты жас ағаштарды қорғауды күшейту жөніндегі іс-шаралар бекітілді. Бүгінгі таңда «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ алқаптарына апаратын негізгі жолдарда бекеттер орнатылып, кезекшілік ұйымдастырылды. Табиғат қорғау заңнамасын бұзу фактілерін анықтау және жолын кесу мақсатында құқық қорғау органдарымен және шекара қызметкерлерімен бірлесіп тұрақты негізде патрульдеу жүргізетін мобильді топтар құрылды.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 381-1-бабына сәйкес қылқан жапырақты жас ағаштарды заңсыз кескені үшін айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделетініне назар аударамыз:

- Жеке тұлғаларға 100 АЕК
- лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе - коммерциялық емес ұйымдар 300 АЕК
- орта кәсіпкерлік субъектілеріне 400 АЕК
- ірі кәсіпкерлік субъектілеріне заңсыз кесілген ағаштар мен бұталарды, көлік құралдарын және аталған бұзушылықтарды жасау құралы болып табылған бұзушының өзге де заттарын тәркілей отырып, 1000 АЕК.

Сондай-ақ, ҚР Қылмыстық Кодексінің 340-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Жаңа жылдық шыршаларды заңсыз кесу фактісі анықталған жағдайда, «Жоңғар Алатауы МҰТП»РММ (87283-2-24-41), 87751761082, 87714690007 немесе 102 (құқық қорғау органдары) телефондары арқылы хабар берулеріңізді сұраймыз.

Р.НУРГОЖАНОВ,

«Жоңғар -Алатауы МҰТП» РММ Табиғи қорық қорын қорғау және қалпына келтіру бөлімінің орманды қорғау және сақтау инженері.

«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ-нің аумағындағы биотехниялық іс-шаралар

Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының бірі. Мұнда жануарлардың көптеген түрлері мекендейді, соның ішінде сирек және жойылып бара жатқан түрлер де бар. Сол себепті парк аумағында табиғи тепе – теңдікті сақтау үшін арнайы биотехниялық іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіледі.

Биотехния – жануарлар дүниесін қорғау және көбейту мақсатында жасалатын биологиялық-техникалық шаралар жиынтығы. Жоңғар Алатауы МҰТП-ғы бұл жұмыстар табиғатты сақтауда ерекше рөл атқарады.

Жабайы жануарларды қоректендіру, қыстың қатаң кезеңдерінде жануарлардың азығы азаяды. Сол кезде мамандар арнайы тұрақты қоректендіру алаңдарын орнатады; маралдар, еліктер үшін оттықтарға шөп дайындалып, тұздықтарға тұз салынады.

Бұл жануарлардың қыстан аман шығуына және популяцияның сақталуына көмектеседі. Жабайы жануарлар үшін тұз – олардың денсаулығына өте маңызды табиғи минерал. Тұз құрамында натрий мен хлор сияқты элементтер бар, ал бұл заттар жануарлардың ағзасында көптеген маңызды қызмет атқарады.

Тұздың жануарлар үшін пайдасы: 1. Минерал тапшылығын толықтырады. Жануарлар табиғатта жайылып жүріп, өсімдіктерден әрдайым қажетті минералды ала бермейді. Сол себепті тұз олардың минералдық тепе-теңдігін реттейді. 2. Қан айналымын реттейді. Натрий иондары қан қысымын қалыпты ұстап, ағзаның сұйықтық мөлшерін реттейді. 3. Ас қорыту жүйесіне көмектеседі.Тұз асқазан сөлінің түзілуіне әсер етіп, тағамның жақсы қорытуына жағдай жасайды. 4. Жүйке және бұлшық ет қызметін жақсартып Тұз жүйке импульстарының берілуі мен бұлшық еттердің жиырылуына қажет. 5. Қыс мезгілінде ағза әлсіреуінің алдын алады Қыста жем-шөп құрамы өзгереді, минерал азаяды. Сол кезде тұз жануарларға күш береді.

Сондықтан парк аумағында жануарларға арнап тұздықтар орнатып, олардың табиғи қажеттілігін қамтамасыз етеді. Бұл – биотехниялық іс-шаралардың маңызды бөлігі.

«Жоңғар-Алатауы МҰТП» аумағындағы биотехниялық іс-шаралар табиғи экожүйені сақтауда үлкен рөл атқарады. Қоректендіру оттықтары, тұздықтар жануарларды қорғау жұмыстары – барлығы парк биоалуан түрлілігін сақтауға бағытталған. Бұл шаралар болашақ ұрпаққа табиғатты таза күйінде жеткізудің маңызды бөлігі болып табылады.

Н. МУСАБАЛАНОВ,

«Жоңғар – Алатауы МҰТП» РММ ЖДҚЖӨМ бөлімің аңшылықтанушысы.

Зейнетақы жинақтарының 2026 жылға арналған ең төменгі жеткіліктілік шегі жарияланды

БЖЗҚ Әлеуметтік кодекстің талаптарына сәйкес жыл сайын келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында алдағы жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖШ) орналастыру туралы міндетін орындай отырып, 2026 жылға арналған ТЖШ туралы хабарлайды.

Естеріңізге сала кетейік, ТЖШ – бұл салымшыны ай сайынғы зейнетақының ең төменгі мөлшерінен төмен емес мөлшерде қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері (міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған). Бұл ағымдағы және болжамды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, ең төменгі зейнетақы мөлшеріне, ең төменгі жалақыға, ең төменгі күнкөріс деңгейіне, сондай-ақ инфляция мен инвестициялық кірістілікке сүйене отырып есептелетін зейнетақы жинақтарының бағалау сомасы. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі – салымшы зейнеткерлік жасқа жеткенде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес зейнетақы төлемдерін (ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) алуы үшін шотта қалуға тиіс ең төменгі көрсеткіш.

ТЖШ есептеу зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі – әдістеме) (ҚР Үкіметінің 30.06.2023 №521 қаулысымен (бұдан әрі – №521 қаулы) бекітілген) сәйкес жүргізіледі.

Әдістемеге сәйкес, 2026 жылғы ТЖШ есептеу кезінде Қазақстан Республикасының «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңында айқындалған 2026 жылға арналған келесі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер пайдаланылды:

- 1) ең төменгі жалақы мөлшері – 85 000 теңге;
- 2) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 69 049 теңге;
- 3) ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге.

Нәтижесінде 2026 жылы ТЖШ мөлшері орта есеппен 10%-ға өсті, бұл жалпы инфляцияның ағымдағы және болжамды мәндеріне сәйкес келеді.

2024 жылғы 1 ақпаннан бастап 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша уәкілетті оператор жалпы сомасы 28,25 млн АҚШ долларына 188 242 өтініш орындады. Қаражат уәкілетті операторларға өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін аударылды. Оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешу үшін 17,60 млн АҚШ долларына 116 579 өтініш, білім алу ақысын төлеуге шамамен 10,65 млн АҚШ долларына 71 663 өтініш орындалды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Пайдаланылмаған қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) сақталады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салым-

Жас отандастарымыз тұрғын үй жағдайын жақсарту және білім алу ақысын төлеуге 28,25 млн АҚШ долларын пайдаланды

ды толықтыруға 17,23 млн АҚШ долларына 113 944 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге 126,70 мың АҚШ долларына 899 өтініш және азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) 86,29 мың АҚШ долларына 643 өтініш орындалды.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (9,81 млн АҚШ долларына 64 877 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт

бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (580,04 мың АҚШ долларына 4 776 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (214,72 мың АҚШ долларына 1 633 өтініш орындалды). Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Кәмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы

өз бетінше алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

2025 есепті жылдағы нысаналы талаптар, сондай-ақ инвестициялық кіріс нысаналы талаптарға қатысушыларға 2026 жылғы 1 ақпаннан кешіктірілмей есептелетін болады.

2008 жылы туылған және 2026 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтардың нысаналы жинақтары да олардың нысаналы жинақтау шоттарына 2026 жылғы 1 ақпаннан кешіктірілмей есептелетін болады.

Жүйріктен

Жыл сайын дәстүрлі түрде аудандық ішкі саясат бөлімінің, аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен шеберліктері шындалып келе жатқан жас ақындар байқауы биыл Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте өтті.

Жүйрік олар жарыққанда...



Алдымен байқауға қатысуға аудан мектептерінен келген 12 оқушы жетекшілерімен бірге Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жомарт Игіман атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінде болып, ақын ағаларының шығармашылығымен танысты. Өлеңге құштар, өздері де өлең жазуға талаптанып жүрген үміткерлердің басын қосатын Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Жомарт Игіман оқуларына қатысушылардың өлеңді жатқа оқу шеберлігін, шығармашылық



деңгейін, дауыс мәнері мен тіл тазалығын саралаған қазылар алқасы бірінші орынға Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің 6 - сынып оқушысы Іңкәр Талғатты лайық деп тапты. Екінші орынды Черкасск орта мектебінің 11 - сынып оқушысы Жанерке Қадір, үшінші орынды Абай атындағы мектеп - гимназияның 3 - сынып оқушысы Толғанай Қырықбай жеңіп алды. Өлең - өнерге деген құштарлығымен ынталандыру сыйлықтарын Азизма Төлепбек (1 - мектеп - гимназия), Арайлым Дәуренбекқызы

(Жұмабаев атындағы орта мектеп), Аяжан Мырзахмет (Алтынсарин атындағы орта мектеп) еншіледі.

Жүлдегерлерді аудан әкімдігінің Алғыс хатымен, бағалы сыйлықтармен марапаттаған аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының аудандық комитетінің төрағасы Ермек Алинов жүректері өлең деп соққан жас өрендерге сәттілік тіледі.

Партия ЖЕҢІСХАН.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сансаланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.

Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.

ТӘУЕЛСІЗДІК — ҰЛТ РУХЫНЫҢ МӘҢГІЛІК ТҰҒЫРЫ

Қазақстан тарихында 16 желтоқсан — ұлт тағдырын өзгерткен ұлы күн. Бұл күн — ғасырлар бойы тәуелсіздікті армандаған бабалар рухының жеңісі, елдіктің еңсесін тіктеген шешуші сәт. Желтоқсанның ызғарлы таңында бойындағы еркіндік отын өшірмеген қазақ халқы тарих сахнасында тағы бір мәрте табандылығын танытып, өз мемлекеттілігін әлемге паш етті.

Тарих беттеріне үңілсек, қазақ халқының азаттық жолындағы күресі бір күннің, не бір жылдың жемісі емес екені анық. Сақ пен Ғұн дәуірінен бастап, Түркі қағанаттары, Алтын Орда мен Қазақ хандығының негізі — бәрі де осы тәуелсіздіктің іргетасы. XV ғасырда Керей мен Жәнібек хандар құрған Қазақ хандығы өз заманында түркі әлеміндегі ең қуатты мемлекеттердің бірі болды. Сол кезден бастап ұлттық бірлік, жер тұтастығы, азат рух — қазақтың өмірлік мұратына айналды. Алайда тарихтың қатпарлы кезеңдері ұлтымызды талай сыннан өткізді. Қоқан мен Жоңғар шапқыншылықтары, отарлық езгі, зұлмат жылдары мен ашаршылық, қуғын-сүргін — бәрі де азаттықтың бағасын арттыра түсті. Осындай күрестердің шарықтау шегі — 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Желтоқсанның қақаған аязына қарамастан алаңға шыққан қазақ жастары ұлттық намысты қорғады. Сол бір төуекелдің арқасында елімізге тәуелсіздік таңын қарсы алуға жол ашылды.

1991 жылғы 16 желтоқсан — бүгінде әрбір қазақстандық үшін қасиетті дата. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі

туралы Конституциялық Заң қабылданып, мемлекетіміздің дербес дамуына есік ашылды. Өз Туын, Елтаңбасын, Әнұранын белгілеген Қазақстан әлемдік қауымдастыққа толыққанды мүше болып енді. Бірнеше жылдың ішінде шекарасы шегенделіп, ұлттық валютасы айналымға еніп, халықаралық ұйымдармен байланыс орнатылды. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан экономикалық тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да зор өзгерістерді бастан өткерді. Әлем мойындаған астанамыз — бүгінгі Астана қаласы ел дамуының символына айналды. Тәуелсіздік жылдары елімізде білім, мәдениет, ғылым, спорт салалары өркендеп, ұлт руханиятының тамыры тереңдей түсті.

Бүгінгі ұрпақ үшін тәуелсіздік — тек тарихи естелік емес, ол — жауапкершілік, елге қызмет ету жолындағы серт. Бабалар аңсаған азаттықты сақтап қалу — әр азаматтың парызы. Елдің ертеңі — білімді жастардың қолында. Отанын сүйетін, тілін қадірлейтін, тарихын құрметтейтін ұрпақ барда, Тәуелсіздіктің туы әрдайым биік желбірейтіні сөзсіз.

Барша қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, елімізге бейбітшілік пен береке, әр шаңыраққа шаттық пен молшылық тілейміз!

А.АУЕЛБЕКОВА,
Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының мемлекеттік тіл курсының оқытушысы.

Анаға сағыныш

Ана деген сөзді естіп алыстан,
Кім бұрылмас болсын адам
қай жастан.
Жылы алақан шашымды сипалаған,
Қамқор исі бір сәтте мауқым басқан.

Көздерінде бар әлем махаббаты,
Әр сөздері ойымның асыл заты.
Менің анам адамдардың адамы,
Перзентіндей көрген бөтен баланы.

Жан-ана мөлдіреген көздерімен,
Іздеп мені балалық кездерімнен.
Келдім міне, анашым осындамын,
Танып сені мың адам жүздерінен.

Бір ғасыр тұрар едім құшағында,
Сізбен бірге аспанға ұшамын да.
Иығыңды жеңілдетер жол іздеймін,
Көтерген қуаныш пен мұңды да.

Тахмина НАМАЗБЕК,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің алтын белгі түлегі,
Абай университетінің математика факультетінің 1 курс студенті.

Хабарландыру

Мустафанова Сауле Даулетовнаның атына берілген Mercedes-Benz 230 маркалы 637 KDA 05 мемлекеттік нөмірлі көліктің №ВТ 00206643 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН ЖОМАРТ МАҚАТҰЛЫ
Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН ПАРТИЯ

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.